




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ

AQR 2024 ЕСЕБІ

АЛМАТЫ
2025 ЖЫЛ

ЕСЕП КАРТАСЫ



МАЗМҰНЫ

<u>Кіріспе</u>	4
<u>Есеп туралы</u>	5
<u>Негізгі оқиғалар</u>	6
<u>Есепті күннен кейінгі оқиғалар</u>	7
<u>Негізгі ақпарат</u>	8
<u>AQR 2024 басталуы</u>	10
<u>Әдіснамалық аспектілер</u>	11
<u>Деректер сапасы және әдіснамалық қателер</u>	12
■ <u>AQR 2024 жалпы нәтижелері</u>	13
■ <u>Жеке бағалау</u>	17
• <u>Қосымша статистика</u>	22
• <u>Салааралық талдау</u>	25
• <u>Көтерме және бөлшек сауда</u>	32
• <u>Өңдеу өнеркәсібі</u>	33
• <u>Құрылыс</u>	34
• <u>Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар</u>	35
• <u>Көлік және қоймалау</u>	36
• <u>Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу</u>	37
• <u>Электр энергиясымен жабдықтау</u>	38
• <u>Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы</u>	39
• <u>Білім беру</u>	40
• <u>Кепілгерлер мен қоса қарыз алушыларды талдау</u>	41
• <u>Кепілмен қамтамасыз етулерді талдау</u>	42
■ <u>Біртекті қарыздар</u>	44
• <u>RETCON (Жеке тұлғалардың тұтынушылық кредиттері және басқа да қарыздары)</u>	44
• <u>RETCAR (Жеке тұлғалардың автокредиттері және басқа да қамтамасыз етілген қарыздары)</u>	44
• <u>RETEST (Жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген қарыздар)</u>	45
• <u>RETSML (Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар)</u>	45
• <u>LGD</u>	46
<u>Қорытынды</u>	47
<u>Қысқартулар</u>	48
<u>Байланыс ақпараты</u>	49

КІРІСПЕ

Құрметті оқырмандар,



Сіздерге Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің банк секторы активтерінің сапасын тұрақты бағалау (AQR) нәтижелерінің үшінші есебін ұсынамын. Тұрақты AQR есептерін жариялау Агенттіктің банктерді қадағалаудағы ашықтығын және халықаралық стандарттардың қағидаларын нық ұстануын көрсетеді, бұл қаржы жүйесінің орнықтылығын нығайтудағы маңызды қадам болып табылады.

Бұл есеп 2023 жыл қорытындысы бойынша дайындалды, ол кезеңде Қазақстанның банк секторы жоғары инфляция, тежеуші монетарлық саясат және геосаяси белгісіздік жағдайларын сипаттайтын күрделі макроэкономикалық жағдайда жұмыс істеді. Осы сын-қатерлерге қарамастан, AQR нәтижелері еліміздің банк жүйесінің орнықтылығы мен тұрақтылығын көрсетті.

Бағалау 11 ірі банкті қамтыды, олардың активтері банк секторының жалпы активтерінің 85%-ын құрайды, бұл қазіргі кредит тәуекелінің деңгейін терең және жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Алынған нәтижелер банк секторды орнықтылығының жоғары екенін ғана емес, банктердің актив сапасының және кредит тәуекелдердін басқару тәжірибелерінің жақсарғанын көрсетті. Банктердің капитал жеткіліктілігінің деңгейі реттеушілік ең төмен нормативтік талаптардан айтарлықтай асып түседі, бұл олардың әлеуетті экономикалық күйзелістерге қарсы тұру қабілетін көрсетеді.

Талдау ірі қарыз алушылардың кредиттерінің сапасын жеке бағалауды, сондай-ақ қалған қарыздарды халықаралық стандарттарға сәйкес озық модельдер мен тәсілдерді қолдана отырып ұжымдық бағалауды қамтыды. 2024 жылы AQR жүргізу кредит тәуекелін басқаруды одан әрі жетілдіру үшін негізгі салаларды анықтап, банк секторының орнықтылығын арттыру бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.


Бұл есеп банктерге, инвесторларға және рейтингтік агенттіктерге пайдалы болатын маңызды қорытындылар мен талдамалық деректерді қамтиды. Агенттіктің атынан банк секторының барлық қатысушыларына AQR-ды сәтті өткізуге қосқан үлестері үшін, сондай-ақ Агенттіктің командасына жоғары кәсібилігі үшін алғыс білдіремін. Бұл есеп Қазақстанның қаржы жүйесіне деген сенімді арттыру және орнықтылықты арттыру үшін құнды құрал болатынына сенімдімін.

Құрметпен,

Мәдина Әбілқасымова

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу
және дамыту Агенттігінің Төрағасы

ЕСЕП ТУРАЛЫ



Осы есепті жариялаудың мақсаты банк секторының ашықтығын арттыру болып табылады. Есеп банк секторындағы кредит тәуекелінің ағымдағы деңгейіне жасалған жан-жақты талдаудан тұрады және Агенттіктің кредит тәуекелін бағалауда халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерді қолданудағы пайымын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (Агенттік) өзінің уәжді пайымын қабылдау мүмкіндігімен банк секторында кешенді тәуекелге бағдарланған процесс түрінде қадағалау функциясын жүзеге асырады. Тәуекелге бағдарланған тәсіл банк тәуекелдерін жеке негізде терең бағалауға және банктердің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және олардың қызметінде тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу үшін қадағалау шараларын кейіннен іске асыруға бағытталған.

Тәуекелге бағдарланған қадағалау шеңберінде тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеу (ҚСТ) құралдарын пайдалана отырып, SREP қадағалау моделі шеңберінде банктердің негізгі тәуекелдеріне талдау жүргізіледі. Тұрақты AQR мақсаты банк секторының кредит тәуекелінің деңгейін және осы тәуекелді өтеу үшін банк резервтерінің жеткіліктілігін бағалау болып табылады. Тұрақты AQR әдіснамалық негізі қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары, Еуропа Орталық Банкінің AQR өткізу әдіснамасы, Базель банктерді қадағалау комитетінің ұсынымдары және Қазақстан Ұлттық Банкі мен Агенттіктің нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

Кредит тәуекелінің деңгейін және тұрақты AQR-ға қатысушы банктердің күтілетін кредит шығындарының мөлшерін бағалау үшін Агенттік кредит тәуекелін бағалаудың ішкі модельдерін қолданады. Ірі берешегі бар қарыз алушылардың қаржылық жағдайы Скорингтік модель мен PD ARES моделінің көмегімен жеке-жеке бағаланады. Басқа қарыздар тәуекел-метрикаларды (EAD, PD, LGD) айқындауға статистикалық тәсілдерді қолдана отырып, ұжымдық негізде бағаланады.

Провизияларды бағалауда банк пен Агенттікте сәйкессіздіктер болған жағдайда, капитал жеткіліктілігінің коэффициенттерін түзету бағаланады, содан кейін осы коэффициенттердің түзетілген мәндері ең төмен реттеушілік талаптармен салыстырылады.

Тұрақты AQR нәтижелері тұрақты қадағалау процесі шеңберінде есепке алынады және ҚСТ үшін негіз болып табылады. 2024 жылдан бастап тұрақты AQR нәтижелері банктердің капиталына реттеушілік үстемеақы мөлшерінде де ескерілетін болады.

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес тұрақты AQR аясына 11 банкті енгізді, олар 01.01.2024 ж. жағдай бойынша банк секторы активтерінің 85%-ын және несие портфелінің 86%-ын құрады. Тұрақты AQR-ға жасалған бүкіл талдау да 2024 жылдың басындағы жағдай бойынша жасалды.

2024 жылғы тұрақты AQR нәтижелері 2023 жылы Қазақстанда болған негізгі экономикалық оқиғалардың әсерін көрсетеді. Олардың ішінде инфляцияның жоғары деңгейінің сақталуы және монетарлық саясаттың қатаң талаптары болды, бұл факторлар елдің қаржылық жүйесіне айтарлықтай әсер етуді жалғастырды.

Қазақстан банктері 2023 жылы ұшыраған сыртқы және ішкі сын-қатерлерге қарамастан, тұрақты AQR нәтижелері 01.01.2024 ж. жағдай бойынша банк секторының жалпы орнықтылығын растады. 2024 жылғы тұрақты AQR аясында 11 банк бойынша капиталдың жеткіліктілік деңгейі реттеушілік ең төмен мәннен едәуір асып түседі.

Бұл есепте банк секторының барлық деңгейінде, сондай-ақ кредит беру салаларының түрлі сегменттері бойынша бағалаудың толық нәтижелері ұсынылған.

Есептің бірінші бөлігінде жалпы нәтижелер, соның ішінде тұрақты AQR аясында қамтылған сегменттердің талдауы және 2023 жылғы тұрақты AQR деректерімен салыстырғандағы өзгерістердің серпіні қамтылған.

Есептің екінші бөлігінде жеке негізде талданған ірі қарыз алушылардың кредиттік сапасын тереңдетілген бағалау көрсетілген.

Есептің үшінші бөлігі ұжымдық негізде бағаланған қарыздарды талдауға арналған. Онда қолданылған әдістер мен қарыздардың негізгі тәуекел метрикаларына әсер еткен факторлар егжей-тегжейлі сипатталған.

2023 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

Жылдық инфляция:
2024ж. қаңтар **9,5%**
2023ж. қаңтар **20,7%**

Базалық мөлшерлеме:
2024ж. қаңтар **15,25%**
2023ж. қаңтар **16,75%**

Кредиттер:
экономикаға **+22,4%**
бизнеске **+16,7%**
халыққа **+26,7%**

Депозиттер:
ЖТ **+20,4%**
ЗТ **+3,5%**

NPL90+:
2024 ж. қаңтар **2,9%**
2023 ж. қаңтар **3,4%**

БАНК СЕКТОРЫ

2023 жылы, тежеуші монетарлық саясат пен тұрақсыз геосаяси жағдайлар, сондай-ақ әлемдік қаржы нарықтарындағы құбылмалылыққа қарамастан, банк секторы тұрақты дамып, орнықтылық пен жоғары капиталдандыру деңгейін көрсетті. Банктердің активтері есепті жылы 15,4%-ға өсіп, 51,4 трлн теңгеге жетті. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 21 банк жұмыс істеді, олардың ішінде 11 банк шетелдің қатысуымен, оның ішінде 8-і екінші деңгейдегі еншілес банк, сондай-ақ 2 банк 100% мемлекет қатысуымен. Банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі 45,2% құрады.

БАНК СЕКТОРЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

2023 жылдың маңызды оқиғаларының бірі Қазақстанның қаржы секторын бағалау бағдарламасын (Financial Sector Assessment Program, FSAP) Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) және Дүниежүзілік банк тарапынан жүзеге асырылуы болды. FSAP қорытындысы бойынша банк секторының ықтимал күйзеліс сценарийлердегі тұрақтылығы расталды, тәуекелге бағытталған қадағалаудың дамуы байқалып, қаржы секторын одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар жасалды.

Тәуекелге бағытталған қадағалау аясында 2023 жылы банктердің капиталына қатысты жеке қадағалау үстемеақысы енгізілді, ол SREP, AQR және стресс-тестілеу нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады. Сонымен қатар, банктердің тұрақтылығын арттыру мақсатында жүйелік маңызы жоқ банктердің капиталына қойылатын консервациялық буферге қойылатын талап 2,0%-дан 2,5%-ға дейін артты, ол орындалмаған жағдайда дивидендтерді төлеуге шектеулер енгізіледі.

АҚША-КРЕДИТ ТАЛАПТАРЫ

2023 жылы елдің банк секторы инфляциямен күресуге және 2022 жылы қалыптасқан жоғары пайыздық мөлшерлемелерді сақтап жүргізілген қатаң монетарлық саясат жағдайында жұмысын жалғастырды. Жылдық инфляцияның қарқыны 2023 жылдың қаңтарында 20,7%-дан 2024 жылдың қаңтарында 9,5%-ға дейін баяулады. Осыған сәйкес, Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі жыл бойы тұрақты болып, бастапқыда 16,75% деңгейінде қалып, 2023 жылдың соңында 15,75%-ға дейін баяу төмендеді.

КРЕДИТ НАРЫҒЫ

2023 жылы экономикаға берілген кредиттер 22,4%-ға артып, 27,9 трлн теңгеге жетті. Бұл ретте бизнесті қаржыландыру көлемі 16,7%-ға артып, 11,2 трлн теңгеге жетті, бұл – соңғы 12 жылдағы ең жоғары деңгей. Бұған ынталандырушы пруденциялық шаралар, банктерді мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялау арқылы кредит қабілеттілігін бағалау процестерін одан әрі цифрландыру, инфляция қарқынының біртіндеп баяулауы, сондай-ақ бизнесті қолдау мемлекеттік бағдарламаларын одан әрі іске асыру ықпал етті.

ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

- **Агенттік 2023 жылғы АQR қорытындысы бойынша есепті жариялады;**
- «Kaspi Bank» АҚ-ның NASDAQ биржасына IPO-ға шығуы.

- S&P болжамы: Қазақстанның ЖІӨ өсуі 3,5%;
- Агенттік Төрағасының «Банк секторының 2024 жылға арналған қадағалау саясатының негізгі басымдықтарына» қатысты ЕДБ өкілдерімен кездесуі;
- ҚТК отырысы. Тұрақты АQR және ҚСТ шеңберіндегі банктердің тізімі бекітілді;
- **Агенттік 2023 жылғы тұрақты АQR шеңберінде кредиттік тәуекелдің демографиялық талдауын жариялады.**

- Базалық мөлшерлеме 14,25%-ға дейін төмендетілді.

- 2024 жылғы ҚСТ-дің басталуы.

- Базалық мөлшерлеме 15,25%-ға дейін көтерілді.
- AQR, SREP нәтижелері бойынша банктердің капиталына қадағалау үстемесінің қолданылуы;
- S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстан Республикасының BICRA рейтингінде (Банктік сектордың салалық және елдік тәуекелдерін бағалау) орнын «8»-ші топтан «7»-ші топқа жақсартқанын жариялады.

2024

ҚАҢ

АҚП

НАУ

МAM

МАУ

ШІЛ

ТАМ

ҚЫР

ҚАЗ

ЖЕЛ

- Агенттік 2023 жылғы тұрақты АQR және қадағалап стресс-тестілеудің нәтижелеріне арналған БАҚ және қаржы нарығы сарапшылары үшін брифинг өткізді;

- Агенттік 2023 жылғы қадағалап стресс-тестілеудің есебін жариялады;

- Агенттіктің Төрағасы Халықаралық Валюта Қоры мен Дүниежүзілік Банктің 2023 жылы Қазақстан Республикасында өткізген Қаржы секторын бағалау бағдарламасының (FSAP) нәтижелерін ұсынды;

- Халыққа берілетін тұтынушылық қарыздардың шекті сомасы белгіленді;
- Кредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері белгіленді;

- **AQR 2024 нәтижесі;**
- Lesha Bank LLC «Bereke Bank» АҚ-ның 100% акцияларын сатып алу мәмілесін аяқтады;
- DMAS платформасында стресстік активтер бойынша онлайн-сауда басталды.



НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

11 БАНК	86% НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ	85% АКТИВТЕР	1583 ЖЕКЕ ҚАРЫЗ АЛУШЫ
9,8% 3-САТЫНЫҢ ҮЛЕСІ	415,1 млрд теңге Δ ПРОВИЗИЯЛАР	k1 16,3% (↓ -1,1 п.т.)	8,1% ПРОВИЗИЯЛАРМЕН ӨТЕУ

AQR 2024 АЯСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕР КӨЛЕМІ

2024 жылы тұрақты AQR шеңберіне 11 банк кірді, бұл жүйе активтерінің 85%-ын құрайды.

01.01.2024ж. жағдай бойынша EAD* жалпы мөлшері 27,4 трлн теңгені құрады, оның ішінде 9,6 трлн теңге, немесе 35,2% жеке негізде, қалғаны – ұжымдық негізде бағаланды.

Жеке қарыз алушылар – 1 583 қарыз алушы және 856 қоса қарыз алушы мен кепілгер – Скорингтік модельдің және PD ARES моделінің көмегімен бағаланды. Барлық жеке қарыз алушыларды кепілмен қамтамасыз етудің жалпы саны 39,5 мың кепілге жуық болды, жалпы сомасы 45,4 трлн теңге.

Жалпы берешегі 17,8 трлн теңгені құрайтын 29,9 млн қарыз автоматтандырылған статистикалық модельдің көмегімен ұжымдық негізде бағаланды.

Берешектің үштен бір бөлігі кепілсіз тұтынушылық қарыздармен (9 трлн теңге) ұсынылған.

AQR 2024 НӘТИЖЕЛЕРІ

11 банктің меншікті капиталының жеткіліктілік деңгейі 16,3% мөлшерінде бағаланды, бұл 8,0% мөлшеріндегі ең төменгі нормативтік талаптан айтарлықтай жоғары.

Банктердің бағалауымен салыстырғанда капитал жеткіліктілігінің жалпы деңгейінің төмендеуі 1,1 п.т.-ы құрады.

3-сатының үлесі 9,8% мөлшерінде бағаланды (банктердің бағалауы бойынша 8,6%). 3-сатының үлесі 2023 жылғы AQR-мен салыстырғанда 3,7 п.т. төмендеді, 2-сатының үлесі 3,8%-дан 3,3%-ға дейін төмендеді.

Банктер мен AQR бағалауы арасындағы провизиялардың қажетті мөлшерін бағалаудағы айырмашылық 415,1 млрд теңгені құрады, бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 36,1 млрд теңгеге төмендеді. Түзетулердің үлесі EAD-дан 1,5%-ды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 0,7 п.т.-қа төмендегенін көрсетті.

2023 жылғы AQR-мен салыстырғанда қосымша провизиялардың ең көп төмендеуі ірі бизнеске қарыздар бойынша байқалады (-69,7 млрд теңге). Бұл негізінен ірі, жеке маңызы бар қарыз алушылар бойынша қосымша провизиялардың азаюымен байланысты. 2023 жылғы AQR шеңберінде қосымша провизиялауға жататын қарыз алушылардың көпшілігі бойынша банктер жұмыс жүргізіп, қарыздарды есептен шығару, өтемақы төлеу және провизиялар құру шараларын қабылдады. Нәтижесінде, осындай қарыз алушылар бойынша қосымша провизиялардың сомасы қысқартылды, себебі қосымша провизияларға қажеттілік болмады.

2023 жылы AQR нәтижелері кредиттердің сапасының арттыруын көрсетті, бұл қарыздың жалпы өсуінің және жеке портфельдер бойынша қарыз алушылардың қаржылық жағдайының жақсаруының әсерін көрсетеді.

Портфельдер бойынша EAD сегментациясы
(трлн теңге)



*Мұнда және әрі қарай «EAD» және «берешек», «қарыз» терминдері бір-бірінің орнына қолданылады.

НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

ЖЕКЕ ҚАРЫЗДАРДЫ ТАЛДАУ

2023 жылғы АQR-мен салыстырғанда жеке қарыз алушылардың берешегі **1,8 трлн** теңгеге немесе 23,1%-ға өсті. Алайда, бұл, 2023 жылғы **235,6 млрд** теңгеге қарағанда, 2024 жылы **124 млрд** теңге мөлшерінде қалыптасқан қосымша провизия көлемінің елеулі өсуіне алып келген жоқ. Қосымша провизиялардың ең үлкен өсуі 3-сатыға қайта жіктелген бірнеше ірі қарыз алушылар бойынша байқалды.

2-сатыға 31 жеке қарыз алушы, ал 3-сатыға 44 жеке қарыз алушы қайта жіктелді.

2024 жылы EAD-дың ең үлкен көлемі ірі бизнеске қарыздар (**4,1 трлн** теңге) және инвестициялық қарыздар (**2,3 трлн** теңге) портфельдеріне шоғырланды. Қарыздардың 3-сатыға ең көп қайта жіктелуі инвестициялық қарыздар мен шағын бизнеске берілген қарыздарда байқалды. Сонымен қатар, банктердің бағалауы бойынша да, АQR бағалауы бойынша да, 3-сатының ең үлкен үлесі **шағын бизнес және жылжымайтын мүлік сатып алу мен құрылысқа берілген қарыздар портфелінде** байқалады.

Экономика салалары бөлінісінде қайта жіктеудің ең көп көлемі «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» (**40,9 млрд** теңге) және «Өңдеу өнеркәсібі» (**36,8 млрд** теңге) салалары бойынша байқалады.

2024 жылы 2023 жылдағыдай жеке қарыз алушылар бойынша кепілмен қамтамасыз ету есепке алуы нақтыланған өтімділік коэффициенттері арқылы жүзеге асырылды. Бұл нақтыланған өтімділік коэффициенттері кепілдерді іске асыру статистикасы бойынша негізделген. Кепілдердің ең көп кездесетін түрлері бойынша іске асыру статистикасы кіші түрлерге бөлінді.

ҰЖЫМДЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ ТАЛДАУ

Біртекті қарыздар бойынша қосымша провизиялардың пайда болуының негізгі факторлары:

- қарыздардың құнсыздануының нашар сатысына қайта жіктелуі;
- дефолттың бірыңғай анықтамасын қолдану;
- PD-ді қайта есептеу;
- LGD өзгеруі.

2024 жылы 2023 жылдағыдай кепілсіз тұтынушылық қарыздар мен автокредиттердің ірі портфельдері бойынша PD бағалау кезінде бөлшек несиелердің қысқа мерзімдерін есепке алу үшін құнсыздану кезеңдері бойынша қарыздардың тоқсандық ауысулары туралы деректер пайдаланылды, бұл PD бағалаудың дәлдігін арттыруға мүмкіндік берді және АQR шеңберінде провизияларды бағалаудың өсуіне әкелді.

2023 жылдағыдай, біртекті кепілді қарыздар портфелі бойынша қосымша провизиялар көбінесе банктердің LGD есебіне қолданыстағы кепілмен қамтамасыз етудің дисконтталған құнын

ескеру тәсілімен түсіндіріледі. Сол уақытта тұрақты АQR әдістемесі дефолт/есептен шығарылған қарыздар бойынша расталған қайтару статистикасына негізделген.

Портфель*	1-сатыдағы орташа өлшемделген PD	Орташа өлшемделген LGD
RETCON	7,4%	50,1%
RETCAR	6,5%	47,8%
RETEST	0,9%	54,1%
RETSML	4,9%	49,9%
CORCOR	6,5%	60,3%

Біртекті қарыздар бойынша қосымша провизиялардың мөлшері 2023 жылғы АQR-мен салыстырғанда 75,5 млрд теңгеге артты және 291,0 млрд теңгені құрады. Біртекті қарыздар бойынша қосымша провизиялардың ең үлкен өсуі 2023 жылғы АQR-мен салыстырғанда CORLAR портфелінде (**+28,6 млрд** теңге) және CORMED портфелінде (**+23,4 млрд** теңге) байқалды.

ЖТ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ



7,3 млн жеке тұлға-қарыз алушылардың гендерлік және демографиялық талдау нәтижелері «AQR 2024: ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ» есебінде ұсынылды, онда қазіргі қарыз алушылар, сол сияқты 2019 ж. бастап 2024 ж. дейін дефолтқа шыққан қарыз алушылар бойынша жан-жақты ақпарат қамтылған.

ГЕНДЕРЛІК ТАЛДАУ: Кредиттік портфель	
	
НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНДЕГІ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ	
45,4%	54,6%
БЕРЕШЕКТІҢ ОРТАША МӨЛШЕРІ	
2,1 МЛН ТЕҢГЕ	1,7 МЛН ТЕҢГЕ
ДЕФОЛТТА БОЛУДЫҢ ОРТАША УАҚЫТЫ	
735 КҮН	746 КҮН
ҚАЙТАРУ СТАТИСТИКАСЫНДАҒЫ EAD ҮЛЕСІ	
57%	43%
ҚАЙТАРУ СТАТИСТИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ	
55%	45%
ҚАЙТАРУ СТАТИСТИКАСЫНДАҒЫ ӨТЕУ ҮЛЕСІ	
56%	44%

*Сегменттеу сипаттамасы 11-бетте көрсетілген

AQR 2024 БАСТАЛУЫ

2024 жылы тұрақты AQR аясына **11** банк кірді, бұл жүйе активтерінің **85%**-ын құрайды. Өткен 2023 жылғы AQR-мен салыстырғанда, барлық AQR аясына енген банктердің несиелік портфелі өсті. Мысалы, «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ-ның несиелік портфелі +86,6%-ға артты. Дегенмен, ағымдағы есептік кезеңде барлық банктер бойынша провизиялармен қамту азайды, «ForteBank» АҚ, «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ, «Нурбанк» АҚ банктерін қоспағанда.



AQR аясы активтерді де ,шартты міндеттемелерді де қамтиды

АКТИВТЕР

- овердрафт қарыздары;
- клиенттердің кредиттік карточкалары;
- клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар;
- клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар.

ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

- қаржылық кепілдіктер;
- аккредитивтер;
- кредиттік желілер;
- кредиттік карталар.

АКТИВТЕР

43,56 трлн теңге

85 %

НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

25,63 трлн теңге

86%

ӘДІСНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

СЕГМЕНТТЕУ

Қарыздарды сегменттеу кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша ұқсас кредиттерді портфельдерге біріктіру мақсатында жүргізілді. Банктердің қарыздары шартты түрде 8 портфельге бөлінді. Кредиттік тәуекелдің төмен деңгейіне және берешектің шамалы деңгейіне байланысты мемлекеттік корпорацияларға қарыздар портфелі 2024 жылғы талдау аясынан алып тасталды.

Код	Портфель
CORCOR	Корпоративтік қарыздар
COREST	Жылжымайтын мүлікті сатып алуға және құрылысына берілген қарыздар
CORINV	Инвестициялық қарыздар
CORLAR	Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне басқа да қарыздар
CORMED	Орта кәсіпкерлік субъектілеріне басқа да қарыздар
RETRET	Бөлшек қарыздар
RETEST	Жеке тұлғалардың тұрғын үй жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген қарыздары
RETCAR	Жеке тұлғалардың автокредиттері және басқа да қамтамасыз етілген қарыздары
RETCON	Жеке тұлғалардың тұтынушылық несиелері, несие карталары және басқа да қарыздары
RETSML	Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар

КСТ ДЕРЕКТЕРІН СӘЙКЕССІЗДІКТЕР

Сегменттеуге қатысты бірыңғай тәсілге сәйкес қарыздар кредиттік тәуекел дәрежесіне байланысты портфельдер бойынша бөлінеді. Мәселен, мемлекеттік корпорациялар секторынан қарыз алушыларға жатқызылмаған заңды тұлғаларға қарыздар арасында инвестициялық қарыздар және жылжымайтын мүлік құрылысына және сатып алуға қарыздар жеке портфельдерге бөлінеді. Заңды тұлғалардың және ДК басқа да қарыздары КСТ деректеріне сәйкес кәсіпкерлік санаттарына сай портфельдер бойынша бөлінеді. Банктердің қарыз алушылардың кәсіпкерлік санаттары туралы ақпаратын және КСТ-ның осыған ұқсас деректерін салыстырған кезде сегменттеуде жалпы сомасы 4,2 трлн теңгеге сәйкессіздік анықталды, бұл жалпы EAD-ның 15,4% құрайды. Ең көп сәйкессіздіктер шағын кәсіпкерлікке жататын субъектілер бойынша тіркелді: банктер жалпы EAD-дан 8,7%-ды ірі немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар ретінде дұрыс жіктеген жоқ. Аталған айырмашылықтар банктердің кредиттік тәуекелдің шоғырлану (берешектің мөлшеріне негізделген сегменттеуге қатысты тәсіл) деңгейін айқындауда қажеттіліктерін қанағаттандыратын қарыз алушыларды жіктеуге банктер тәсілдерінің және сегменттеуді бөлудің талап етілетін деңгейіне арналған тәсілдердің, сондай-ақ банктердің қарыз алушылар бойынша деректерді жаңарту мүмкіндіктеріне қатысты тәсілдердің ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ

AQR ТЕКСЕРУ МОДЕЛІ

Тұрақты AQR провизиялары мен банк провизиялары арасында айтарлықтай айырмашылықтар болған жағдайда қарыздарды қайта жіктеу әсерін қоса алғанда LGD және PD әсері талданады.

- **Қарыздарды жеке негізде бағалау:** Берешегі банктің меншікті капиталының 0,2%-ынан асатын жеке қарыз алушылар бойынша резервтеуді талдау қарыз алушылардың қаржылық жағдайын бағалау модельдерін: скорингтік модельді және PD ARES моделін қолдана отырып жеке бағалау блогында жүргізіледі. Басқа да қарыздар бойынша талдау ұжымдық резервтеу блогында жүргізіледі, ол өз кезегінде дефолт ықтималдылығын (PD) және дефолт болған жағдайда шығындар деңгейін (LGD) есептеуге негізделеді.
- **Қарыздарды ұжымдық негізде бағалау – EAD/CCF:** EAD есептеген кезде Базель комитетінің стандарттарына және ҚРҰБ Басқармасының № 170 қаулысына сәйкес баланстан тыс міндеттемелерді пайдалануды болжау тәсілі пайдаланылды.
- **Қарыздарды ұжымдық негізде бағалау – PD:** Тексеру моделі PD анықтау үшін қарыздардың миграциясы матрицаларын пайдаланады.
- **Қарыздарды ұжымдық негізде бағалау – LGD:** LGD мәндері шығындардың күтілетін деңгейі дефолтта болу уақытының ұлғаюымен қатар ұлғаятынын болжай отырып, дефолтта болу уақытын және оқиғалардың ықтимал даму сценарийлерін ескере отырып тізбекті саты әдісі бойынша есептеледі.

ДЕРЕКТЕРДІҢ САПАСЫ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ ҚАТЕЛЕР

Тұрақты АҚР нәтижелері басым түрде кіріс деректердің сапасына тәуелді, сондықтан Агенттік қатысушы банктерден алынатын деректердің сапасы мен толықтығына кешенді тексерулерді жүзеге асырады. 2024 жылғы АҚР қорытындысы бойынша ұсынылған деректердің жақсарғаны байқалады, бірақ бұл ретте банктер ұсынатын ақпараттың сапасын өңдеу барысында Агенттік мынадай қателерді анықтауды жалғастыруда:

ӘДІСНАМАЛЫҚ ҚАТЕЛЕР

- несие бойынша сомаларды есептен шығаруды өтеу сомалары ретінде көрсету;
- дефолт оқиғаларында мәжбүрлі қайта құрылымдаудың болмауы;
- PD/ LGD / CCF есептеген кезде дефолттың түрлі анықтамаларын пайдалану;
- ИҚКҚ қарыздарды дұрыс есепке алмау;
- толығымен жоқ не баланстан тыс міндеттемелерді пайдалануды болжау әдіснамасы әзірлеу сатысында;
- CCF есептеу дефолттық емес несиелік желілер бойынша статистика негізінде жүргізіледі;
- CCF есептеген кезде кредиттік желілерді жаңартылатын және жаңартылмайтын желілерге бөлудің болмауы;
- CCF есептеу үшін не статистика жоқ, не толық емес статистика пайдаланылады;
- қаржылық көрсеткіштерді және кепілмен қамтамасыз ету бойынша деректерді дұрыс толтырмау;
- шоғырланатын субъектілердің бірлескен жауапкершілігін растау болмаған кезде шоғырландыруды жүзеге асыру;
- қарыз алушылардың, кепілгерлердің және қоса қарыз алушылардың қаржылық есептілігін шоғырландыруды дұрыс жүзеге асырмау;

ІШКІ БАҚЫЛАУДЫҢ КЕМШІЛІКТЕРІ

- жекелеген банктерде тұрақты АҚР шеңберінде ұсынылатын деректер сапасын бақылаудың тиімсіз құрылған жүйелері сақталады;
- жекелеген банктерде тұрақты АҚР шеңберінде деректерді жинауға және ұсынуға жауапты қызметкерлердің сабақтастығы мен бірін-бірі ауыстыруы жоқ;
- жекелеген банктерде бөлімшелер не банк пен оның САБҰ арасындағы үйлестіру жоқ.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАТЕЛЕР

- шаблондарда ұсынылатын деректердің бастапқы құжаттармен, крежиттік тізіліммен салыстырған кезде және нысанаралық және уақытаралық бақылауды жүргізген кезде анықталған **сәйкестіктің төмен деңгейі**;
- **техникалық қателер**: қайталанатын деректердің болуы, сандық мәндерді өлшеудің дұрыс емес бірліктері, техникалық жазбаларды нақты өтеу ретінде қосу, шаблондарға арналған нұсқаулықтарда көрсетілген деректердің талап етілетін форматтарын сақтамау, сондай-ақ шаблондардың түрін өзгерту, қарыз алушылардың сәйкестендіргіштерін түрлі шаблондарда жүйелі емес түрде толтыру және т.б.;
- **біртекті емес/ толық емес деректер**: қарыз алушылар/кепілдер бойынша құжаттарды ішінара ұсыну не олардың толық болмауы және т.б.;
- **статистиканы дұрыс қалыптастырмау**: өтеу статистикалары (талданатын уақыт аралығынан тыс орын алған дефолттарды қосу, деректердің толық еместігі, «90+» қоспағанда дефолт өлшемшарттарының болмауы; кепіл мүлкін өткізу статистикалары (шаблондарда бір мезгілде банк балансында, сол сияқты өткізу статистикасында бірдей кепілдерді қосу).
- **түрлі итерацияларда деректердің сәйкессіздігі**: бірдей шаблонды қайтадан ұсынған кезде қателердің сақталуы және жаңа қателердің пайда болуы;
- деректердегі өзгерістерге **түсініктемелердің болмауы**.

2024 жылғы АҚР-дың шеңберінде Агенттік, 2023 жылғы АҚР-дағы сияқты қатысушы банктерге жиі кездесетін қателер тізімі мен оларды жою бойынша ұсыныстары бар хаттарды жібереді. Бұдан басқа, Агенттік тұрақты АҚР шеңберінде деректер үлгілерін толтыру бойынша банктер үшін оқыту сессияларын өткізу тәжірибесін жалғастырады, сондай-ақ тұрақты АҚР және ҚСТ тақырыптары бойынша конференциялар өткізуді жалғастырады.


AQR 2024 ЖАЛПЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

EAD

Тәуекелдегі жалпы сома (EAD) 27,4 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылғы EAD-дан 6,5 трлн теңгеге немесе 31,3%-ға көп. EAD-дан 56,3% кепілді қарыздармен (өткен жылмен салыстырғанда (-2,2 п.т.) берілген. Жеке тұлғалардың EAD-і 54,1%-ды құрайды. EAD-нің 98,3%-ы ҚР резиденттеріне тиесілі.

ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША

Валюталар құрылымында теңгемен (89,9%), АҚШ долларымен (8,8%) және басқа валюталармен (1,3%) берілген қарыздар бар.



CCF ӘСЕРІ

Жекелеген банктердің жеке өнімдері бойынша талдау жүргізу нәтижесінде CCF есептеген кезде қолданылатын, баланстан тыс міндеттемелерді пайдалану бойынша статистика қабылданды. Банктер пайдаланатын CCF мәндері статистикалық тұрғыдан расталмай қалған жағдайлар бойынша CCF мәндері тұрақты AQR әдіснамасына сәйкес пайдаланылды. AQR нәтижелері бойынша орташа өлшемделген CCF 43,4%-ды құрады. Нәтижесінде, банктердің деректерімен салыстырғанда AQR деректері бойынша EAD ұлғаюы 5,7%-ды құрады.

трлн теңге				
Жыл	Баланс	Баланстан тыс	CCF	EAD
2023	19,4	3,9	38,9%	20,9
2024	24,1	7,5	43,4%	27,4

БАҒАЛАУ ӘДІСІ БОЙЫНША

9,6 трлн теңге, немесе жалпы EAD-дан 35,2% жеке негізде талданды.



САТЫЛАР БОЙЫНША


Төменде банктердің провизияларын қалыптастыру әдістемелеріне сәйкес (AQR-ға дейін) және AQR деректері бойынша сатыларды анықтаған кезде EAD-ны кредиттік құнсыздану сатылары бойынша бөлу ұсынылған. AQR аясы бойынша NPL90+ үлесі 4,1%-ды, банктердің деректері бойынша 3-сатының үлесі 8,6%-ды, AQR деректері бойынша 3-сатының үлесі 9,8%-ды құрады.



САТЫЛАР БОЙЫНША

AQR бағалауы бойынша 2-сатының үлесі 492,7 млрд теңгеге 1,5%-дан 3,3%-ға дейін өсті, ал 3-сатының үлесі 327,8 млрд теңгеге 8,6%-дан 9,8%-ға дейін өсті. Осылайша, AQR бағалауы бойынша банктер жалпы EAD-дан 1,2% мөлшерінде қарыздар бойынша құнсыздануы танылған жоқ. 3-сатының үлесі 2023 жылғы AQR-мен салыстырғанда 3,7 п.т. төмендеді, 2-сатының үлесі 0,5 п.т. төмендеді. Кредит сапасының байқалып отырған жақсаруы портфельдің жалпы өсу және жекелеген портфельдер бойынша қарыз алушылардың қаржылық жағдайының жақсару әсерін сондай-ақ банктердің проблемалық қарыз алушылар бойынша провизияларды есептен шығару, өтеу және қалыптастыру жұмысын көрсетеді.


EAD-ны сатылар бойынша бөлу



ПРОВИЗИЯЛАРДЫ БАҒАЛАУ

01.01.2024ж. жағдай бойынша банктер 1,8 трлн провизия қалыптастырды. AQR бағалауы бойынша провизиялар мөлшері 2,2 трлн теңге болуға тиіс. Осылайша, AQR нәтижелері бойынша провизиялардың бағалау және іс жүзіндегі мөлшеріндегі сәйкессіздік 415,1 млрд теңгені немесе 22,9%-ды құрады, оның ішінде: 3-саты бойынша 221,1 млрд теңге, 2-саты бойынша – 25 млрд теңге, 1-саты бойынша – 168,9 млрд теңге. Провизиялар мөлшерін бағалауды түзетудің 415,1 млрд теңгесінен 124 млрд теңге (29,9%) жеке маңызды қарыздарға тиесілі.

Провизияларды бағалау түзетулері



2023 жылғы AQR-мен салыстырғанда провизияларды бағалау түзетулерінің азаюы 36,1 млрд теңгені құрады немесе EAD-ге қатысты 2,2%-дан 1,5%-ға төмендеді. Провизиялар мөлшерінің төмендеуі ең алдымен ірі жеке маңызы бар қарыз алушылар бойынша қосымша провизиялардың төмендеуіне байланысты.

Провизияларды бағалау түзетулері




ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

AQR 2024 ЖАЛПЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

ПРОВИЗИЯЛАУ ДЕҢГЕЙІ

AQR-ға дейін провизиялармен өтеудің жалпы деңгейі 6,6%-ды құрады. AQR бағалауы бойынша провизиялармен өтеу деңгейі 8,1% болуға тиіс, бұл 2023 жылғы нәтижемен салыстыруға болатын жағдай – ол кезде AQR бағалауы бойынша провизиялармен өтеу деңгейі 10,1% мөлшерінде бағаланды. Провизиялар бойынша деректер барлық портфельдерге ұсынылған, CORGOV-ті қоспағанда.


Сатылар бойынша провизиялармен өтеу деңгейі



СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША


EAD-дың үштен бір бөлігі RETCON портфелінде шоғырланған (9 трлн теңге), және EAD-ның 16,2%-ға жуық CORLAR (4,4 трлн теңге), RETSML (3,4 трлн теңге) және CORINV (3,1 трлн теңге) портфельдеріне тиесілі. Ең аз көлем COREST портфельіне тиесілі (475,9 млрд теңге). «Отбасы банк» АҚ-ның тұрақты AQR аясына кірмеуіне байланысты, RETEST портфельінің EAD небары 1,98 трлн теңгені құрайды, ал ол бойынша ЖТСМ орташа өлшемделген мәні 12,3% болады. ЖТСМ ең жоғары орташа өлшемдерген мәндері RETCON (28%) және RETCAR (25,4%) портфельдері бойынша байқалады. Кәсіпкерлік мақсаттарда берілген қарыздар портфельдері арасында ЖТСМ ең жоғары орташа өлшемделген мәні RETSML портфельі бойынша байқалады – 22,9%.

EAD-ны портфельдер бойынша бөлу және ЖТСМ



2023 жылғы AQR деректерімен салыстырғанда EAD-ның ең көп өсуі RETCON (+2,1 трлн теңге) және CORLAR (+1,4 трлн теңге) портфельдері бойынша байқалады. Салыстырмалы түрде алғанда RETCAR портфельі бойынша – 1,6 есе, CORMED портфельі бойынша – 1,4 есе және RETSML портфельі бойынша – 1,3 есе ең көп өсу байқалады.


2023 жылмен салыстырғанда EAD-ны портфельдер бойынша бөлу



НЕСИЕ БЕРУ МАҚСАТЫ БОЙЫНША

Кәсіпкерлік мақсаттарда берілген қарыздар портфельдері бойынша талдау банктер несие беру объектісін көрсеткен қарыздар арасында айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыздар басым екендігін көрсетіп отыр. Негізгі қаражатқа арналған қарыздар CORLAR портфельі бойынша жалпы берешектен 1,8%-дан және RETSML портфельі бойынша жалпы берешектен 11%-ды құрады. CORMED портфельінде қарыздардың бұл түрі жалпы берешектен 5,7%-ды құрайды. CORLAR және CORMED портфельдерінде автомобиль көлігін сатып алуға арналған қарыздар жалпы берешектен шамалы үлесті құрайды (1%-дан аз) алдыңғы жылғыдай. RETSML портфельінде қарыздардың бұл түрі жалпы берешектен 3,0%-ды құрайды.

EAD-ны несие беру объектілері бойынша сегменттеу



ҚАЙТА ЖІКТЕУЛЕР


AQR нәтижелері бойынша 3-сатыға және 2-сатыға қарыздарды ең көп қайта жіктеу RETCON және CORINV портфельдері бойынша жүргізілді. Ең аз қайта жіктеу COREST портфельі бойынша жүргізілді.

EAD-ны сатылар бойынша қайта жіктеу




AQR 2024 ЖАЛПЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Корпоративтік қарыз портфельдерінің ішінде АҚР-ға дейін және одан кейінгі 3-сатыда EAD-ның ең үлкен үлесі COREST портфельінде тіркелген. 3-сатының үлесі бойынша екінші орында CORMED портфелі. 3-сатыдағы ең үлкен салыстырмалы өсім CORINV портфельінде (2,3%) байқалады.




AQR нәтижелері бойынша 3-сатыдағы қарыздың үлесі RETSML-тен басқа барлық бөлшек портфельдер үшін 10%-дан аспайды, RETSML-дың EAD-ның 16,7%-ы несиелік-құнсызданған. Осылайша, жинақталған несиелік шығындардың ең үлкен үлесі бұрынғысынша ШОБ қарыздары бойынша (COREST және RETSML) байқалады.



2023 жылғы АҚР-мен салыстырғанда 3-саты үлесінің төмендеуі RETCON (+0,1 п.т.) портфельінен басқа портфельдерде байқалады. RETSML (-10,6 п.т.), CORMED (-9,6 п.т.) және CORLAR (-6,7 п.т.) портфельдері бойынша 3-сатының үлес салмағы айтарлықтай төмендеді.

2023 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда сатылар бойынша EAD-ны бөлу



Провизияларды түзетудің ең үлкен өсуі CORMED портфельінде (+28 млрд теңге) байқалады. Бұл негізінен біртекті қарыз алушылардың провизияларының өсуіне байланысты. CORLAR портфельінің айтарлықтай өсуіне қарамастан, аталған портфель бойынша провизияларды түзету сомасы 69,7 млрд теңгеге азайды, бұл 3-сатыдағы EAD үлесінің төмендеуін көрсетеді. COREST портфельінің түзетуінің төмендеуі портфельдің жалпы EAD сомасының төмендеуімен байланысты.

2023 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда корпоративтік портфельдер бойынша провизиялардың бағалауын түзету



AQR 2024 ЖАЛПЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Тарихи байқаулар бойынша, RETCON портфелінде қысқа мерзімді қарыздың едәуір үлесі бар, сонымен қатар RETCON және RETCAR портфельдері жоғары айналыммен сипатталады. 12 айдағы миграция есебінде RETCON және RETCAR портфельдерінің осы сипаттамалары есепке алынбайды және PD-дың толық бағаланбауына алып келеді. 2023 жылдағыдай ірі RETCON және RETCAR портфельдері үшін PD бағалау кезінде тоқсан сайынғы қарыздар миграциясы туралы деректер пайдаланылды, бұл PD бағалауларының дәлдігін жақсартты және AQR деректері бойынша провизия бағалауларының ұлғаюына алып келді.

2023 жылдағыдай біртекті кепілдік қарыздар портфелі бойынша провизияларды бағалаудағы айырмашылық банктердің қолданыстағы кепілдің дисконтталған құнын ескере отырып, LGD есептеу тәсілімен түсіндіріледі, ал тұрақты AQR әдістемесі дефолттық/есептен шығарылған қарыздар бойынша тарихи түрде расталған қайтару статистикасына негізделген.

Жоғарыда сипатталған тәсілді қолданылуына байланысты, 2023 жылдың есебімен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістер байқалмады.



AQR бағалауы бойынша провизиямен өтеу деңгейі 2023 жылғы нәтижелермен салыстырғанда барлық корпоративтік портфельдер бойынша азайды. 3-саты үлесінің төмендеуіне байланысты CORLAR және CORMED портфельдерінде өтеу деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 3,5 және 1,9 пайыздық тармаққа сәйкесінше төмен бағаланды. Басқа корпоративтік портфельдер үшін өзгерістер аса маңызды емес.



AQR бағалауы бойынша провизиялармен өтеудің талап етілетін деңгейі 2023 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда барлық жеке портфельдер бойынша төмендеді. RESTML портфелінің EAD-дің өсуіне қарамастан провизиялармен өтеудің талап етілетін деңгейі 6,3 пайыздық тармаққа төмендеді. COREST және RETSML портфельдері бойынша деректерді ескере отырып салыстырмалы түрде ең жоғары провизиялармен өтеуді қажет етеді.



ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

9,6
трлн. теңге
EAD


124
млрд теңге
Δ провизия

1 583
қарыз алушы


856
қоса қарыз
алушы және
кепілгер

39 532
кепіл


АҚР-ға дейін және одан кейін сатылар бойынша EAD-ны бөлу




Құнсыздану сатылары арасында EAD-ны бөлу



Портфельдер бойынша провизияларды бағалаудағы алшақтықтарды бөлу




Сатылар бойынша провизияларды бағалаудағы алшақтықтарды бөлу



Провизиялармен өтеу

Провизияларды бағалауды түзетуді ескере отырып, жеке қарыздарды провизиялармен өтеу 1,3 п.т.-ға ұлғаяды.



Тұрақты АҚР шеңберінде қаржылық есептілік деректері бойынша EAD-сы банктің меншікті капиталының 0,2%-ынан асатын қарыз алушылар жеке негізде бағаланады.

2024 жылы жеке негізде бағаланатын қарыз алушылардың EAD-сы 9 634,0 млрд теңгені немесе АҚР аясы бойынша жалпы EAD-ның 35,2%-ын құрады. Жеке қарыз алушылардың жалпы саны 1 583 қарыз алушыны, 856 қоса қарыз алушыны және кепілгерді құрады.

2023 жылғы АҚР-мен салыстырғанда жеке қарыз алушылардың EAD-сы 1,8 трлн теңгеге немесе 23,1%-ға өсті. Бұл ұлғаю АҚР-ға қатысушы банктердің кредиттік портфельдерінің жалпы өсуімен байланысты. Бұл ретте провизияларды банктер мен АҚР-дың бағалауы арасындағы айырмашылықта төмендеу байқалады. 2023 жылы провизияларды бағалаудағы сәйкессіздіктер көлемі 235,6 млрд теңгені, ал 2024 жылы – 124 млрд теңгені құрады.

2024 жылы ең үлкен EAD көлемі ірі кәсіпкерлік субъектілеріне берілген басқа қарыздар мен инвестициялық қарыздар портфельдерінде шоғырланған.

Инвестициялық қарыздар мен шағын бизнес субъектілеріне берілген қарыздар портфельдері бойынша 3-сатыға қарыздардың ең көп қайта жіктелуі байқалды.

Бұл ретте банктердің бағалауы бойынша, сондай-ақ АҚР бағалауы бойынша 3-сатыдағы берешектің ең көп үлесі шағын бизнеске берілген басқа қарыздар мен жылжымайтын мүлік сатып алу және құрылысқа берілген қарыздар портфельдерінде байқалады. Банк бағалаулары мен АҚР бағалауы арасындағы провизиялардағы ең үлкен алшақтықтар CORINV портфельінің 3-сатыдағы қарыздары бойынша байқалады және ірі қарыз алушылардың аз санына сәйкес келеді.

АҚР бағалауы бойынша жеке қарыз алушылардың қарыздарын провизиялармен жалпы өтеу 1,3 п.т.-ға 7,1%-дан 8,4%-ға дейін ұлғайтылуға тиіс, атап айтқанда, 3-сатыдағы қарыздар бойынша провизиялармен өтеуді ұлғайту қажеттілігі 5,9 п.т.-ны құрайды (60,5%-дан 66,4%-ға дейін).

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР


2024 жылы жалпы берешегі 9,6 трлн. теңгені құрайтын 1 583 қарыз алушы жеке негізде бағаланды. 2023 жылғы АQR-мен салыстырғанда жеке қарыз алушылардың берешегі 1,8 трлн. теңгеге немесе 23,1%-ға өсті. Мұндай өсім, ең алдымен, 2023 жылы да, 2024 жылы да АQR-дың жеке бағалау аясына кірген қарыз алушылар берешегінің ұлғаюымен түсіндіріледі. Мұндай қарыз алушылардың жалпы саны 1 085. Бұл қарыз алушылардың EAD-сы 2023 жылмен салыстырғанда 916,3 млрд теңгеге немесе 14,2%-ға ұлғайды.

Бұл ретте АQR аясында жаңа қарыз алушылар пайда болды, сондай-ақ 2023 жылғы АQR аясына кірген қарыз алушылар шығып қалды

2023ж. АQR-мен салыстырғанда 2024ж. АQR-дың жеке қарыз алушылары



2023ж. АQR-мен салыстырғанда 2024ж. АQR-дың жеке қарыз алушылары (EAD бойынша)



Бұл өзгерістер мынадай факторларға байланысты болды:


- 1) қарыз алушылар берешегінің өсуі;
- 2) қарыз алушылардың банктер арасындағы ағыны;

Барлығы АQR-дың жеке бағалау аясынан EAD 1 382,8 млрд теңгеммен 592 қарыз алушы шығарылды, бұл ретте жеке бағалау аясына EAD-сі 2 275,1 млрд теңгеммен 498 қарыз алушы қайта қосылды. Қорытынды нетто-ағын 94 қарыз алушыны және 1 808,6 млрд теңге EAD-ны құрады.


Субъектілер бойынша жеке қарыздар құрылымы




Кәсіпкерлік санаттары бойынша жеке қарыздар құрылымы



Қаржы құралдары бойынша жеке қарыздар құрылымы



Валюталар бойынша жеке қарыздар құрылымы



2023 жылдағы сияқты, 2024 жылы қарыздың көп бөлігі заңды тұлғаларға тиесілі болды: 67 қарыз алушы жеке тұлға (ДК қоса алғанда) 1%-дан кем EAD-ны құрады.

Кәсіпкерлік санаттары бөлігінде EAD бойынша ең үлкен үлес салмағы ірі (50%) және шағын (37%) кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілі. 2023 жылмен салыстырғанда қарыз алушылардың EAD-ның өзгеруі нәтижесінде ірі бизнестің үлесі (45%-дан 50%-ға дейін) өсті. Бұл ретте орта бизнестің үлесі 16%-дан 13%-ға немесе 34,4 млрд теңгеге төмендеді.

Қарыз алушыларға берілетін негізгі қаржы құралы әлі қарыздар болып табылады, олардың үлесіне жеке қарыз алушылардың EAD-ның 87,9%-ы келеді. Бұл EAD-ның 2023 жылғы үлесімен салыстырғанда 2,1%-ға төмендеді. Кепілдік құралы бойынша үлес 1,3%-ға (9,4%-дан 10,7%-ға) өсті. Басқа құралдарға аккредитивтер (0,95%) және факторинг (0,49%) жатады.


Валюталардың құрылымы теңгеммен (72,5%), АҚШ долларымен (24,1%), еуромен (1,6%), юаньмен (1,4%) берілген қарыздармен ұсынылған, сондай-ақ Ресей рублімен қарыздардың шамалы үлесі бар. Жеке қарыздарды долларландыру деңгейі 2023 жылғы 26%-дан 2024 жылы 24,1%-ға дейін төмендеді. Жеке қарыздар бойынша 2024 жылы орташа мөлшерленген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме теңгеммен 18%-ды, ресей рублімен – 12,2%-ды АҚШ долларымен – 7,6%-ды, сондай-ақ еуромен – 7,0%-ды, юаньмен – 2,5%-ды құрады.

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


ҚҰНСЫЗДАНУДЫ БАҒАЛАУ

AQR-ға дейін 1-сатыдағы қарыз алушылар саны 1 324 қарыз алушыны, 2-сатыда 51 қарыз алушыны және 3-сатыда 208 қарыз алушыны құрады. AQR нәтижелері бойынша скорингтік модель мен PD ARES моделінің көмегімен қарыз алушылардың қаржылық жағдайын бағалау негізінде, сондай-ақ ұжымдық бағалау негізінде анықталған триггерлерді ескере отырып, кредиттік құнсыздану сатылары арасында қарыз алушыларды қайта жіктеу жүзеге асырылды. 2 және 3-сатыдағы қарыз алушыларды қайта жіктеу нәтижесінде 1-сатыдағы қарыз алушылардың саны 56 қарыз алушыға азайды. 2-сатыдағы қарыз алушыларды 3-сатыға қайта жіктеу және 1-сатыдағы қарыз алушыларды 2-сатыға қайта жіктеу нәтижесінде 2-сатыдағы қарыз алушылардың жалпы саны 12 қарыз алушыға артты. 3-сатыдағы қарыз алушылар саны 44 қарыз алушыға артты.


**AQR-ға дейін және одан кейін
құнсыздану сатылары бойынша
қарыз алушылар саны**




**AQR-ға дейін және одан кейін
құнсыздану сатылары бойынша
қарыз алушылардың EAD-сы**



Қайта жіктелген қарыз алушылар саны




Қайта жіктелген қарыз алушылардың EAD-сы




AQR нәтижелері бойынша 75 жеке қарыз алушы қайта жіктелді. Қайта жіктеудің ең көп саны 1-сатыдан 2-сатыға (31 қарыз алушы) және 1-сатыдан 3-сатыға (25 қарыз алушы) жүзеге асырылды. Қарыз алушыларды қайта жіктеудің едәуір саны банктердің кредиттік тәуекелді бағалаудағы жеткіліксіз консервативті тәсілін көрсетеді. Қайта жіктелген қарыз алушылар EAD-ның жалпы өзгерісі 242,2 млрд теңгені құрады.

01.01.2024ж. жағдай бойынша банктер жеке қарыз алушылар бойынша 685,5 млрд теңге провизия қалыптастырды. AQR нәтижелері бойынша провизиялардың бағалау мөлшері 809,5 млрд теңгені құрады. Провизиялардың бағалау және нақты мөлшеріндегі сәйкессіздіктер 124,0 млрд теңгені құрады: 3-саты бойынша – 59,4 млрд теңге, 2-саты бойынша – 3,3 млрд теңге және 1-саты бойынша – 61,3 млрд теңге. Бұл ретте жекелеген банктер бойынша аталған алшақтықтар елеусіз болды. Провизияларды бағалауға түзетулердің болуы негізінен қарыз алушылардың құнсызданудың 1-сатысынан 2-сатысына және құнсызданудың 1 және 2-сатыларынан 3-сатысына қайта жіктелуімен, кепіл мүлкін бағалау кезінде жеткіліксіз консервативті тәсілдермен, бағалау құнынан, өткізу мерзімдерінен және мүлкті өткізуге арналған шығыстардан статистикамен расталмаған дисконттарды қолданумен түсіндіріледі. Нәтижесінде, AQR нәтижелері бойынша провизиялармен өтеу деңгейін неғұрлым маңызды бағалау 3-саты бойынша ұлғайды және 66,4%-ды құрады.


**AQR-ға дейін және одан кейін сатылар
бойынша провизияларды бөлу**



**Сатылар бойынша провизиялар
мөлшерін бағалауды түзету**



**AQR-ға дейін және одан кейін сатылар
бойынша провизиялармен өтеу деңгейі**




ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

ҚҰНСЫЗДАНУДЫҢ (ПОРТФЕЛЬДІҢ) БАҒАЛАУЫ


Жеке қарыздар портфелі 43%-ға немесе 4 131,4 млрд теңгеге ірі кәсіпкерлік субъектілеріне (CORLAR), 2 335,9 млрд теңгеге немесе 24%-ға инвестициялық қарыздардан (CORINV), 1 579,1 млрд теңгеге немесе 16% - орта кәсіпкерлік субъектілеріне (CORMED) өзге де қарыздардан тұрады, 1 320,2 млрд теңге немесе 14% - шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін өзге де қарыздар (RETSML), 209,0 млрд теңге немесе 2% - құрылысқа берілген қарыздар (COREST) және портфельдің 58,5 млрд теңге мөлшеріндегі салыстырмалы түрде елеусіз бөлігі немесе 0,61% - өзге мақсаттарға берілген қарыздармен ұсынылған.

Жеке қарыз алушылардың берешектерін портфельдер бойынша бөлу




EAD сомасы бойынша қайта жіктеудің ең үлкен көлемі CORLAR және CORINV портфельдері бойынша байқалады, оларға 74,4 %-ды 1-сатыдан 2-сатыға қайта жіктеу және 68,1 %-ды 1 және 2-сатыдан 3-сатыға қайта жіктеу сәйкес келеді.


Құнсыздану сатылары арасында EAD-ны қайта жіктеу




AQR-ға дейін және одан кейін CORLAR портфелі бойынша EAD-ны бөлу




AQR-ға дейін және одан кейін CORINV портфелі бойынша EAD-ны бөлу




AQR-ға дейін және одан кейін CORMED портфелі бойынша EAD-ны бөлу



AQR-ға дейін және одан кейін RETSML портфелі бойынша EAD-ны бөлу



AQR-ға дейін және одан кейін COREST портфелі бойынша EAD-ны бөлу



ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

ҚҰНСЫЗДАНУДЫ БАҒАЛАУ (ПОРТФЕЛЬДЕР)


AQR бағалауы бойынша провизиялар банктердің провизияларынан асып түседі. Провизияларды бағалаудағы ең үлкен алшақтық CORINV, CORLAR портфельдерінде байқалады.

Қалған портфельдер бойынша провизиялардың бағалау және нақты мөлшерлері арасында шамалы айырмашылықтар байқалады.


Мұндай алшақтықтар мыналарға байланысты:

- 1) жеке қарыз алушыларды 1-ші сатыдан 2-ші құнсыздану сатысына және 1-ші және 2-ші сатылардан 3-ші құнсыздану сатысына қайта жіктеу;
 - 2) дефолт ықтималдығы деңгейін арттыру арқылы;
 - 3) қарыз алушылардың кепіл мүлкін сатудан және операциялық ағындары бойынша күтулерді қайта бағалау.
- Төменде портфельдер кесінінде провизиялармен өтеу көрсетілген.


Провизияларды AQR-ға дейін және AQR-дан кейін сатылар бойынша бөлу



Портфельдер бойынша провизияларды бағалаудағы алшақтықтарды бөлу




AQR-ға дейін және AQR-дан кейін портфельдер бойынша провизиялармен өтеу деңгейі




ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

ЖЕКЕ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАР БОЙЫНША ҚОСЫМША СТАТИСТИКА





Жеке қарыз алушылар бойынша орташа EAD 6,1 млрд теңге (медиандық – 1,6 млрд теңге) құрайды. Ең жоғары орташа EAD ірі бизнес өкілдері арасында (CORLAR) – 12,3 млрд теңге (медиандық 5,8 млрд теңге) және инвестициялық қарыздар берілген қарыз алушылар (CORINV) – 7,8 млрд теңге (медиандық 2,5 млрд теңге) байқалады. Бұдан әрі орташа EAD RETSML – 3,8 млрд теңге (медиандық – 1 млрд теңге), CORMED – 3,6 млрд теңге (медиандық – 1.4 млрд теңге) және COREST – 1,4 млрд теңге (медиандық – 0,9 млрд теңге) сегменттері бойынша бір деңгейде. Өзге сегменттер бойынша орташа EAD 0,6 млрд теңгені құрайды (медиандық – 0,2 млрд теңге).

Ең жоғары бастапқы орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме COREST портфельдері (18%) және басқа сегменттер (21%), ең төменгісі RETSML портфелі (11%) бойынша байқалады. 109 жеке қарыз алушының немесе қарыз алушылардың жалпы санының 6,9%-ның негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлем мерзімі 90 күннен өткен. Портфельдер бөлінісінде 90 күннен астам төлем мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушылардың ең көп саны RETSML портфелі бойынша байқалады – 46 қарыз алушы, бұл қарыз алушылардың жалпы санының 2,9% - ы және 3-ші құнсыздану сатысындағы қарыз алушылардың 18,3%-ы.



Портфель	Портфельдер бойынша орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме
Басқа портфельдер	21%
COREST	18%
CORLAR	17%
CORMED	16%
CORINV	13%
RETSML	11%




Берілген жеке қарыздардың бастапқы сомаларына сәйкес қысқа мерзімді және орта мерзімді қарыздардың басым болуы байқалады. 1 жылға дейінгі (қоса алғанда) қарыздар 27%-ды, 2 жылдан 5 жылға дейін (қоса алғанда) – 37%-ды, 6 жылдан 10 жылға дейін (қоса алғанда) - 31%-ды және 10 жылдан астам 5% - ды құрайды.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ


ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

ЖЕКЕ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАР БОЙЫНША ҚОСЫМША
СТАТИСТИКА

Кредиттеу объектілері




Қарыздардың 38%-ы айналым қаражатын толықтыруға, 5%-ы негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға, 52%-ы басқа мақсаттарға бағытталған, 3%-ы коммерциялық жылжымайтын мүлік. Қалған 2% жер учаскелерін, автомобиль көліктерін, бағалы қағаздарды және т. б. сатып алуға бағытталған.


Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар
бойынша орташа тиімді пайыздық
мөлшерлемелер

Заңды тұлғалардың (ЗТ) қарыздары бойынша орташа тиімді мөлшерлеме 14%-ды, жеке тұлғалардың (ЖТ) қарыздары бойынша 19%-ды құрайды.

Банктердегі міндеттемелердің үлесі



Қарыз алушылардың 38%-ның тек бір банкте, қарыз алушылардың 62%-ның екі немесе одан да көп банкте қаржылық міндеттемелері бар.

Жылдар бойынша берілген жеке қарыздар
бойынша орташа алынған пайыздық
мөлшерлемелер

Жылдар бөлінісінде төңімен берілген қарыздар бойынша орташа алынған бастапқы тиімді мөлшерлемелер кестеде TONIA мөлшерлемесіне жуық базалық мөлшерлеменің өзгеруімен түзетіледі. Егер 2022 жыл ішінде төңімен берілген қарыздар бойынша орташа алынған мөлшерлеме 17,6%-ды құраған болса, онда 2023 жыл ішінде берілген қарыздар бойынша ол 20,4%-дық деңгейде қалыптасты.

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

ЖЕКЕ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН
БАҒАЛАУ ПРОЦЕСІ

2024 жылғы АҚР шеңберінде қарыз алушылардың қаржылық жағдайын бағалау ұжымдық бағалау триггерлерін ескере отырып, Скоринг моделінің және PD ARES моделінің көмегі арқылы жүзеге асырылды. Бағалау 2023 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық есептіліктің жылдық деректері негізінде жүзеге асырылды. Қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштері негізінде қаржылық жағдайды талдау мақсатында серпіннің, өтімділіктің, төлем қабілеттілігінің, өтеудің, рентабельділіктің, айналымның қаржылық коэффициенттерін есептеу жүзеге асырылды. Құнсыздану сатылары бөлінісінде қаржылық коэффициенттердің орташа мәндері келесі кестеде келтірілген.

Көрсеткіштер тобы	Коэффициенттер	Құнсыздану сатысы		
		1	2	3
Серпіннің көрсеткіштері	Түсімнің өсу қарқыны	1,9	1,8	0,3
	EBITDA өсу қарқыны	1,9	1,2	0,5
	МК өсу қарқыны	2,3	1,2	0,2
Өтімділік	Ағымдағы өтімділік	3,0	2,7	1,2
	Жедел өтімділік	1,5	1,0	0,3
	Мерзімді өтімділік	0,7	0,5	0,1
Төлем қабілеттілігі	Активтерге борыш	0,3	0,4	0,3
	Капиталға борыш	1,6	2,2	2,8
	Қаржылық левериджі	3,4	5,0	4,4
	Борышқа EBITDA	1,8	0,4	0,1
	Пайыздарды өтеу (КШЕ)	3,7	0,7	0,1
Өтеу коэффициенттері	Пайыздарды өтеу (АҚҚЕ)	6,8	2,0	1,3
	Борышты операциялық ағындармен өтеу (АҚҚЕ)	0,8	-0,1	0,1
Рентабельділік	ROA	0,1	0,0	0,0
	ROE	0,4	0,2	0,2
	Таза пайда маржасы	0,2	-4,7	0,2
	Жалпы пайда маржасы	0,3	-0,2	-0,1
	Операциялық пайда маржасы	0,1	-3,3	-0,2
Айналымдылық	Дебиторлық берешектің айналымдылығы	18,5	22,9	4,8
	Қорлардың айналымдылығы	9,4	9,1	3,8
	Кредиторлық берешектің айналымдылығы	13,4	14,3	-1,3
	Активтердің айналымдылығы	1,5	1,0	0,2

Бұл коэффициенттер RETSML, CORLAR, CORMED, COREST портфельдеріне және басқа да қарыздар портфеліне кірген қарыз алушылардың қаржылық көрсеткіштері негізінде есептелген. CORINV портфелі коэффициенттік талдаудан алынып тасталды, өйткені бұл портфель инвестициялық фазадағы қарыздармен ұсынылған. Осы портфельдегі қарыз алушылардың құнсыздану сатыларын және қаржылық жай-күйін айқындау бизнес-жоспарларды, болжамды ақша ағындарын және болжамды мәндерден ауытқуларды, форс-мажорлық мән-жайлардың болуын, жасалған келісімшарттардың болуын бағалауды қоса алғанда, инвестициялық жобаларды жеке бағалауға негізделді, сондай-ақ жобалар іске асырылмаған жағдайда кредиттік тәуекелді тұтас талдау мақсатында олардың кепілгерлері мен қосалқы қарыз алушыларының қаржылық жай-күйі қосымша жеке бағаланды.



Коэффициенттік талдаудан сонымен қатар, қаржылық және лизингтік қызмет саласынан қарыз алушылар шығарылды. Жеке тұлғалар бойынша талдау ҚРҰБ №269 БҚ сәйкес құнсыздану триггерлері негізінде, сондай-ақ Бірінші кредиттік бюроның және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептік деректері негізінде жүргізілді.

Коэффициенттердің орташа мәндерін анықтау кезінде экономикалық логикаға қайшы келетін нәтижелерге әкелетін кейбір коэффициенттер бойынша теріс мәндер алынып тасталды. Мысалы, меншікті капиталы теріс қарыз алушылар үшін қаржылық левередж тұрақты қаржылық жағдайы бар қарыз алушыларға қарағанда айтарлықтай төмен болды.

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

САЛААРАЛЫҚ ТАЛДАУ– НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ-нің өсуі 5,1% -ды құрады. Елдің ЖІӨ негізгі үлесін мынадай салалар қалыптастырады: «Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» (18,2%); «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» (12,9%); «Өңдеу өнеркәсібі» (12,2%); «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» (7,5%) және «Құрылыс» (5,6%). 388,9 мың қарыз алушы бойынша ұжымдық және жеке бағалау шеңберінде банктер ЭҚЖЖ бойынша деректерді ұсынды. Бұл деректер бойынша экономика салаларының әлеуетті несиеге қажеттілігі бағаланды. Кредитті ең көп алу «Электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау», «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» және «Өңдеу өнеркәсібі», тиісінше 46%, 38% және 30% салалары бойынша байқалады. Кейінгі салааралық талдау жеке негізде бағалау жүргізілген қарыз алушылар бойынша жүргізілді.



Сала	PD	
	1	2*
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	7,3%	85,2%
Электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	14,9%	79,5%
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	4,8%	78,9%
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	4,9%	70,8%
Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы	4,9%	54,7%
Білім беру	8,9%	49,1%
Көлік және қоймалау	6,1%	46,6%
Құрылыс	2,6%	31,4%
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	2,5%	29,7%
Өңдеу өнеркәсібі	3,1%	26,1%
Өзге салалар	4,6%	22,3%
Қаржы және сақтандыру қызметі	4,1%	-

* 2-сатының PD қаржы құралдары бойынша өтеуге дейінгі мерзімді ескере отырып есептеледі



Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіштерінің негізінде жеке қарыз алушылардың EAD 12 салаға бөлінді. Олардың ішіндегі EAD бойынша ең үлкені «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» (2 143 млрд теңге), «Өңдеу өнеркәсібі» (2 123 млрд теңге) және «Құрылыс» (1 291 млрд теңге).

2024 жылғы АҚР-да орташа өлшемделген ең төменгі 1-ші сатыдағы PD «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша (2,5%), ең жоғарғы PD «Электр энергиямен, газбен, бұмен, ыстық сумен, ауаны кондициялаумен жабдықтау» саласы (14,9%) бойынша байқалады. 2-ші сатыдағы PD-нің ең төмен орташа өлшемделген мәні «Өзге салалар» (22,3%) саласы бойынша, ең жоғары мән «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» (85,2%) саласы бойынша байқалады.

Абсолютті мәнде қайта жіктеудің ең үлкен көлемі «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» (40,9 млрд теңге) және «Өңдеу өнеркәсібі» (36,8 млрд теңге) салалары бойынша байқалады.

Қайта жіктеудің ең аз көлемі «Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы» саласы бойынша байқалады (7,1 млрд теңге). «Қаржы және сақтандыру қызметі» саласы бойынша АҚР-ға дейін және АҚР-дан кейінгі құнсыздану сатылары бойынша алшақтықтар жоқ.

3-сатыдағы қарыз алушылардың ең көп үлесі «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» (36%) және «Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы» (23%) салалары бойынша, ал ең азы – «Қаржы және сақтандыру қызметі» (0,03%) және «Көлік және қоймалау» (2%) салалары бойынша байқалады. 1-сатыдағы қарыз алушылар арасында өсу көрсеткіштері бойынша «Құрылыс» және «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» салалары жоғары мәндерді көрсетеді. Салалар серпінінің ең төмен көрсеткіштері «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» және «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» салаларында байқалады.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

САЛААРАЛЫҚ ТАЛДАУ

Жеке қарыз алушылардың EAD негізгі үлесін «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» (22,4%), «Өңдеу өнеркәсібі» (22,2%) және «Құрылыс» (13,5%) салалары құрайды. EAD-нің ең аз үлесі «Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет» саласына тиесілі (1,4%).

EAD салалар бойынша бөлу




Қайта жіктеудің жалпы көлемі 242,2 млрд теңгені құрады, бұл жеке қарыз алушылардың барлық EAD-нің 2,5%-ын құрайды.

Абсолютті мәнде қайта жіктеудің ең үлкен көлемі «Жылжымайтын мүлікпен операциялар» – 40,9 млрд теңге және «Өңдеу өнеркәсібі» салаларында – 36,8 млрд теңге байқалады.


Абсолютті мәнде қайта жіктеудің ең аз көлемі «Көлік және қоймалау», сондай-ақ «Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы» салаларында байқалады – тиісінше 7,8 млрд теңге және 7,1 млрд теңге.

Өз саласының EAD-нан пайыздық қатынасында қайта жіктеудің ең үлкен көлемі «Білім беру» (17%) және «Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет» (11,7%) салаларында, ал ең азы «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» (1,4%), сондай-ақ «Көлік және қоймалау» (1,3%) салаларында байқалады.

Өз саласының EAD-нан қайта жіктеу үлесі



Салалар бойынша қайта жіктеу көлемі




ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


САЛААРАЛЫҚ ТАЛДАУ

Төменде көрсетілген кестелерде АҚР-ға дейінгі және кейінгі кезеңдерде ЕАД-ның салалар бойынша алшақтықтары көрсетілген, бұл салалар жалпы жеке қарыз алушылардың ЕАД-ның айтарлықтай үлесін құрайды, алайда «Қаржылық және сақтандыру қызметі» саласы бойынша құнсыздану сатылары байланысты алшақтықтар жоқ.


АҚР-ға дейін және АҚР-дан кейін «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша ЕАД бөлу




АҚР-ға дейін және АҚР-дан кейін «Өңдеу өнеркәсібі» саласы бойынша ЕАД бөлу




АҚР-ға дейін және АҚР-дан кейін «Құрылыс» саласы бойынша ЕАД бөлу




АҚР-ға дейін және АҚР-дан кейін «Жылжымайтын мүлікпен операциялар» саласы бойынша ЕАД бөлу




АҚР-ға дейін және АҚР-дан кейін «Көлік және жинақтау» саласы бойынша ЕАД бөлу




АҚР-ға дейін және АҚР-дан кейін «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» саласы бойынша ЕАД бөлу



АҚР-ға дейін және АҚР-дан кейін «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау» саласы бойынша ЕАД бөлу



АҚР-ға дейін және АҚР-дан кейін «Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы» саласы бойынша ЕАД бөлу



ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

САЛААРАЛЫҚ ТАЛДАУ

Мына кестеде 2023 жылғы орташа алынған AQR PD-мен салыстырғанда құнсыздану кезеңдері бойынша әр саланың орташа алынған PD көрсетілген. 2023 жылғы AQR-да 1-сатыдағы PD-дің неғұрлым төмен көрсеткіші «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» саласы бойынша, 2024 жылғы AQR-да «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша байқалды. 2023 жылғы AQR және 2024 жылғы AQR бойынша 1-сатыдағы PD-дің неғұрлым жоғары көрсеткіші «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау» саласы бойынша байқалды.


2023 жылғы AQR-да 2-сатыдағы PD-дің неғұрлым төмен көрсеткіші «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша, 2024 жылғы AQR – «Өзге салалар» саласы бойынша тіркелді. 2023 жылғы AQR-да 2-сатыдағы PD-дің неғұрлым жоғары көрсеткіші «Білім беру» саласы бойынша байқалды, 2024 жылғы AQR-да «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» саласы бойынша байқалды.

Сала	PD 1-саты		PD 2-саты*	
	AQR 2023	AQR 2024	AQR 2023	AQR 2024
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	6,1%	7,3%	87,3%	85,2%
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	6,8%	14,9%	32,5%	79,5%
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	2,3%	4,8%	-	78,9%
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	3,5%	4,9%	-	70,8%
Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы	5,6%	4,9%	44,8%	54,7%
Білім беру	5,9%	8,9%	90,6%	49,1%
Көлік және қоймалау	3,1%	6,1%	63,9%	46,6%
Құрылыс	3,9%	2,6%	32,3%	31,4%
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	3,5%	2,5%	16,6%	29,7%
Өңдеу өнеркәсібі	3,2%	3,1%	46,5%	26,1%
Өзге салалар	3,6%	4,6%	28,9%	22,3%
Қаржы және сақтандыру қызметі	6,2%	4,1%	-	-

* 2-сатыдағы PD қаржы құралдары бойынша өтегенге дейінгі мерзімді ескере отырып есептеледі

Бұдан әрі жеке қарыз алушылардың жалпы EAD-дағы елеулі үлесін білдіретін салалар шеңберіндегі алты негізгі топ бойынша 1-саты үшін қаржылық көрсеткіштер ұсынылады. 2024 жылғы AQR-да CORGOV сегменті AQR аясынан алып тасталды, осыған байланысты коэффициенттерді есептеу дәйектілігін сақтау үшін CORGOV сегментінің қарыз алушыларын алып тастауды ескере отырып, 2023 жылғы AQR-да коэффициенттер қайта есептелді.

1-саты қарыз алушылары бойынша орташа алынған серпін көрсеткіштері



Бірінші топқа мынадай серпіннің қаржылық көрсеткіштері: түсімнің, EBITDA және меншікті капиталдың өсу қарқындары кіреді. 2023 жылғы AQR-да неғұрлым жоғары серпін көрсеткіштері «Көлік және қоймалау» және «Құрылыс» салаларында байқалады. 2024 жылғы AQR-да неғұрлым жоғары серпін көрсеткіштері «Құрылыс» және «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша байқалады. «Құрылыс» саласы бойынша айтарлықтай өсім байқалады, бұл экономикалық белсенділіктің қалпына келуімен байланысты болуы мүмкін. 2023 жылғы AQR-да ең төменгі серпін көрсеткіштері «Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы» және «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» салаларында байқалады. 2024 жылғы AQR-да ең төменгі серпін көрсеткіштері «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» саласында және «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» салаларында байқалады. «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» саласы бойынша көрсеткіштердің күрт төмендеуі, тұрғын үй нарығындағы мәмілелер санының азаюымен байланысты болуы мүмкін.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

САЛАЛЫҚ ТАЛДАУ



Өтімділік көрсеткіштерінің тобына мынадай коэффициенттер: ағымдағы, жылдам және мерзімді өтімділіктер кіреді.

2023 жылғы АҚР-да, 2024 жылғы АҚР-да да өтімділіктің неғұрлым жоғары көрсеткіші «Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы» мен «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» салалары бойынша байқалады. Сондай-ақ, «Өңдеу өнеркәсібі» саласы бойынша ағымдағы өтімділік көрсеткішінің өсуі байқалады. 2023 жылғы АҚР өтімділігінің неғұрлым төмен көрсеткіші «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша, ал 2024 жылғы АҚР «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» және «Электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау» салалары бойынша байқалады.



Төлем қабілеттілігі коэффициенттері тобының бірінші бөлігіне : активтерге борыш, капиталға борыш, қаржылық левиридж кіреді. 2023 жылғы АҚР-да төлем қабілеттілігінің бірінші бөлігі бойынша неғұрлым орнықты көрсеткіштер «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу», ал 2024 жылғы АҚР-да «Көлік және қоймалау» саласы бойынша байқалады. Сондай-ақ, «Құрылыс» саласы бойынша «Активтерге борыш» және «Капиталға борыш» тұрақты көрсеткіштер, бірақ «Қаржылық левиридж» коэффициентінің қанағаттанарлықсыз көрсеткіштер көрсетті. Неғұрлым төмен орнықты көрсеткіштер «Жылжымайтын мүлікпен жасайтын операциялар» саласы бойынша байқалады, онда «Капиталға борыш» көрсеткіші ең көп мәнге ие болды.

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


САЛАЛЫҚ ТАЛДАУ

Төлем қабілеттілігінің орташа өлшемделген көрсеткіштері (2-бөлік)



Төлем қабілеттілігі коэффициенттері тобының екінші бөлігіне мыналар кіреді: борышқа EBITDA, пайыздарды өтеу (ПМЗЕ). 2023 жылғы АҚР-да төлем қабілеттілігінің неғұрлым жоғары көрсеткіштері «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» және «Құрылыс» салаларында байқалды, ал 2024 жылғы АҚР-да «Құрылыс» және «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» салаларында байқалды. Төлем қабілеттілігі көрсеткіштерінің екінші бөлігі бойынша ең төменгі көрсеткіштер «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау» саласы бойынша байқалды.

Өтеудің орташа өлшемделген коэффициенттері




Өтеу коэффициенттері тобына мыналар : пайыздарды өтеу (АҚҚЕ), борышты операциялық ағындармен өтеу (АҚҚЕ) кіреді. Пайыздарды өтеудің неғұрлым жоғары көрсеткіші (АҚҚЕ) 2023 жылғы АҚР-да «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» саласы бойынша, ал 2024 жылғы АҚР-да «Құрылыс» саласы бойынша байқалды. Неғұрлым төмен көрсеткіш 2023 жылғы және 2024 жылғы АҚР-ларда «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау» саласы бойынша байқалды.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

САЛАЛЫҚ ТАЛДАУ

Рентабельділіктің орташа өлшемделген көрсеткіштері



Рентабельділік коэффициенттері тобына мынадай көрсеткіштер кіреді: ROA, ROE, таза пайда маржасы, жалпы пайда маржасы. 2023 жылғы AQR-да рентабельділіктің неғұрлым жоғары көрсеткіштері «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу», «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» және «Көлік және қоймалау» салалары бойынша байқалды, ал 2024 жылғы AQR-да «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» және «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» салалары бойынша байқалды. ROE сияқты жекелеген көрсеткіштер бойынша жоғары мәндерді «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» саласы көрсетеді. «Жалпы пайда маржасы» көрсеткіші бойынша неғұрлым жоғары мән «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» саласы бойынша байқалды, алайда осы сала бойынша рентабельділіктің басқа көрсеткіштері бойынша төмен мән байқалады.

Айналымдылықтың орташа өлшемделген көрсеткіштері



Айналымдылық коэффициенттерінің тобына мыналар кіреді: дебиторлық берешектің айналымдылығы, қорлардың айналымдылығы, кредиторлық берешектің айналымдылығы, активтердің айналымдылығы.

AQR 2023 / AQR 2024 қызмет ерекшелігіне байланысты неғұрлым жоғары көрсеткіштер мынадай салаларды көрсетеді:

- «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу»;
- «Көлік және жинақтау».

Айналымдылық бойынша неғұрлым төмен көрсеткіштер мына салалар бойынша байқалады:

- «Электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау»;
- «Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы»;
- «Құрылыс».

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


КӨТЕРМЕ ЖӘНЕ БӨЛШЕК САУДА; АВТОМОБИЛЬДЕРДІ ЖӘНЕ МОТОЦИКЛДЕРДІ ЖӨНДЕУ

Осы саладағы жеке қарыз алушылардың саны – 328, міндеттемелердің жалпы сомасы 2,14 трлн теңге мөлшерінде болды.


Қайта жіктелген қарыз алушылардың EAD-сі 30 млрд теңгені құрады (2-сатыға қайта жіктеу – 25 млрд теңге, 3-сатыға – 5 млрд теңге). Осы саланың 1-сатысында қарыз алушылар бойынша орташа өлшемделген PD 2,5%-ды, 2-сатыда – 29,7%-ды құрайды.

ҚҰНСЫЗДАНУ САТЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАША ӨЛШЕМДЕЛГЕН МӘНДЕРІ


Серпін көрсеткіштері



Өтімділік




Төлем қабілеттілігі



Өтеу коэффициенттері



Рентабельділік



Айналымдылық



Осы сала EAD бойынша 1-орында орналасқан (2,14 трлн теңге) және абсолютті мәнінде қайта жіктеу көлемі бойынша 3-орында (30 млрд теңге). Өз саласының EAD-дан қайта жіктеу көлемі бойынша пайыздық мәнде 9-шы орында (1,4%).

Өтімділік көрсеткіштерін ескерменгенде, осы саланың қаржылық коэффициенттері құндыздану сатысының нашарлауына сәйкес төмендеу серпінін көрсетеді. Осы сала басқа салаларға қарағанда айналымдылықтың жоғары көрсеткіштерін көрсетеді.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ

Осы саладағы жеке қарыз алушылардың саны 319 құрайды, жалпы міндеттемелер сомасы 2,12 трлн теңге. Бұл сала әртүрлі бағыттағы өндірістік компаниялармен ұсынылған.


Қайта жіктелген қарыз алушылардың EAD-сі 37 млрд теңгені құрайды (2-сатыға қайта жіктеу – 17 млрд теңге, 3-сатыға – 20 млрд теңге). Осы саладағы 1-сатыдағы қарыз алушылар бойынша орташа өлшемделген PD мәні – 3,1%-ды, 2-сатыда – 26,1%-ды құрайды.

ҚҰНСЫЗДАНУ САТЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАША ӨЛШЕМДЕЛГЕН МӘНДЕРІ

Серпін көрсеткіштері




Өтімділік




Төлем қабілеттілігі



Өтеу коэффициенттері



Рентабельділік



Айналымдылық



Осы сала EAD бойынша 2-орында орналасқан (2,12 трлн теңге) және абсолютті мәнінде қайта жіктеу көлемі бойынша 2-орында (37 млрд теңге). Өз саласының EAD-дан қайта жіктеу көлемі бойынша пайыздық мәнде 8-ші орында (1,7%).

«Өңдеу өнеркәсібі» саласында барлық дерлік коэффициенттер бойынша құнсыздану сатысына сәйкес қаржылық көрсеткіштердің нашарлауы байқалады. «Өңдеу өнеркәсібі» саласы «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» саласымен қатар қайта жіктеудің ең үлкен көлемін көрсетеді.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


ҚҰРЫЛЫС

Осы саладағы жеке қарыз алушылардың саны — 194, міндеттемелердің жалпы сомасы 1,3 трлн теңге болды. Бұл салаға тұрғын емес және тұрғын үй ғимараттарын, жолдарды, құбырларды және т.б. салумен айналысатын компаниялар кіреді.


Қайта жіктелген қарыз алушылардың EAD-сі 24 млрд теңге құрады (2-сатыға қайта жіктеу — 10 млрд теңге, 3-сатыға қайта жіктеу — 14 млрд теңге). Осы салада 1-сатыдағы қарыз алушылар бойынша орташа өлшемделген PD мәні 2,6%, 2-сатыда 31,4% болды.

ҚҰНСЫЗДАНУ САТЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАША ӨЛШЕМДЕЛГЕН МӘНДЕРІ


Серпін көрсеткіштері




Өтімділік




Төлем қабілеттілігі




Өтеу коэффициенттері



Рентабельділік



Айналымдылық



Бұл сала EAD бойынша 3-орында (1,3 трлн теңге) және абсолютті мәнде қайта жіктеу көлемі бойынша 5-орында (24 млрд теңге). Өз саласының EAD-дан қайта жіктеу көлемі бойынша пайыздық мәнде 7-ші орында (1,9%).

Бұл сала өтімділіктен басқа барлық коэффициенттер бойынша құнсыздандудың сатысына байланысты қаржылық көрсеткіштердің нашарлағанын көрсетеді. Алдыңғы салалармен салыстырғанда рентабельділігі мен айналымдылықтың анағұрлым төмен көрсеткіштері байқалады. «Құрылыс» саласының ерекшелігі пайыздарды жабу деңгейінің жоғары болуы, бұл EBIT көрсеткіштерінің пайыздық міндеттемелерге қатысты жоғары болуын білдіреді.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКПЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР

Осы саладағы жеке қарыз алушылардың саны - 131, міндеттемелердің жалпы сомасы 0,6 трлн теңгені құрайды. Бұл салаға жылжымайтын мүлік объектілерін жалдаумен және басқарумен, сатумен т.б. айналысатын компаниялар кіреді.


Қайта жіктелген қарыз алушылардың EAD-сі 41 млрд теңге құрады (2-сатыға қайта жіктеу – 31 млрд теңге, 3-сатыға қайта жіктеу – 10 млрд теңге). Осы салада 1-сатыдағы қарыз алушылар бойынша орташа өлшемделген PD мәні 7,3%-ды, 2-сатыда 85,2%-ды құрайды.

ҚҰНСЫЗДАНУ САТЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАША ӨЛШЕМДЕЛГЕН МӘНДЕРІ


Серпін көрсеткіштері




Өтімділік




Төлем қабілеттілігі




Өтеу коэффициенттері



Рентабельділік



Айналымдылық



Осы сала EAD бойынша 6-орында (0,6 трлн теңге) және абсолюттік мәнде қайта жіктеу көлемі бойынша 1-орында (41 млрд теңге). Өз саласының EAD-дан қайта жіктеу көлемі бойынша пайыздық мәнде 4-ші орында (6,6%).

«Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» саласы қайта жіктеудің анағұрлым көп көлемін көрсетеді. Осы салада да рентабельділік пен айналымдылықтан өзге коэффициенттердің барлық тобы бойынша құнсыздандудың сатысына байланысты қаржы көрсеткіштерінің нашарлағаны байқалады.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


КӨЛІК ЖӘНЕ ҚОЙМАЛАУ

Бұл саланың жеке қарыз алушыларының саны - 95, міндеттемелердің жалпы сомасы - 0,62 трлн теңгені құрайды. Бұл салаға әуе көлігі, теңіз және жағалаудағы жүк көлігі, темір жол көлігі, автомобиль көлігі, түрлі тауарларды қоймада сақтау және басқа қызметтер жатады.


Қарыз алушылардың қайта жіктелген EAD-сі 7,8 млрд теңге (2-сатыға – 7,6 млрд теңге, 3-сатыға – 0,2 млрд теңге). Осы саланың 1-сатыдағы қарыз алушылары бойынша орташа өлшемделген PD мәні 6,1%-ды, 2-сатыда – 46,6%-ды құрайды.

ҚҰНСЫЗДАНУ САТЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАША ӨЛШЕМДЕЛГЕН МӘНДЕРІ


Серпін көрсеткіштері




Өтімділік




Төлем қабілеттілігі




Өтеу коэффициенттері



Рентабельділігі



Айналымдылығы



Осы сала EAD бойынша 7-орында (0,62 трлн теңге) және абсолюттік мәнде қайта жіктеу көлемі бойынша 10-орында (7,8 млрд теңге). Өз саласының EAD-дан қайта жіктеу көлемі бойынша пайыздық мәнде 11-ші орында (1,3%).

Бұл сала «Құрылыс» саласымен қатар серпіндердің жоғары көрсеткіштерін көрсетеді, сондай-ақ осы сала бойынша айналымдылықтың болжауға болатын жоғары көрсеткіштері байқалады.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


КЕН ӨНДІРУ ӨНЕРКӘСІБІ ЖӘНЕ КАРЬЕРЛЕРДІ ҚАЗУ

Осы салада жеке қарыз алушылардың саны - 46, жалпы міндеттемелер сомасы 0,44 трлн теңгені құрайды.


Қайта жіктелген қарыз алушылардың EAD-сі 30 млрд теңгені (2-сатыға қайта жіктеу – 1 млрд теңге, 3-сатыға қайта жіктеу – 29 млрд теңге) құрайды. Осы салада 1-сатыдағы қарыз алушылары бойынша PD орташа өлшемделген мәні 4,8%-ды, 2-сатыда 78,9%-ды құрайды.

ҚҰНСЫЗДАНУ САТЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАША ӨЛШЕМДЕЛГЕН МӘНДЕРІ


Серпін көрсеткіштері




Өтімділік




Төлем қабілеттігі



Өтеу коэффициенттері



Рентабельділік



Айналымдылық



Бұл сала EAD бойынша 8-орында (0,44 трлн теңге) және абсолюттік мәнде қайта жіктеу көлемі бойынша 4-орында (30 млрд теңге). Өз саласының EAD-дан қайта жіктеу көлемі бойынша пайыздық мәнде 3-ші орында (6,7%).

«Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді әзірлеу» саласында коэффициенттердің барлық алты тобы бойынша құнсыздандудың сатысына байланысты қаржы көрсеткіштерінің нашарлағаны байқалады.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН, ГАЗБЕН, БУМЕН, ЫСТЫҚ СУМЕН ЖӘНЕ АУАНЫ КОНДИЦИЯЛАУМЕН ЖАБДЫҚТАУ

Бұл саланың жеке қарыз алушыларының саны – 32, міндеттемелердің жалпы сомасы 0,27 трлн теңгені құрайды. Бұл салаға жел, жылу электрэнергиясын, гидроэлектр станцияларын өндірумен, электрэнергиясын сатумен және/немесе бөлумен және т.б. айналысатын компаниялар жатады.


Қайта жіктелген қарыз алушылардың EAD-сі 16 млрд теңге (2-сатыға қайта жіктеу – 16 млрд теңге). Осы саланың 1-сатыдағы қарыз алушылары бойынша PD орташа өлшемделген мәні 14,9%-ды, 2-сатыда – 79,5%-ды құрайды.

ҚҰНСЫЗДАНУ САТЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФИЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАША ӨЛШЕМДЕЛГЕН МӘНДЕРІ


Серпін көрсеткіштері



Өтімділік




Төлем қабілеттілігі




Өтеу коэффициенттері



Рентабельділік



Айналымдылық



Осы сала EAD бойынша 9-орында (0,27 трлн теңге) және абсолюттік мәнде қайта жіктеу көлемі бойынша 7-орында (16 млрд теңге). Өз саласының EAD-дан қайта жіктеу көлемі бойынша пайыздық мәнде 5-ші орында (5,9%).

Бұл сала басқа салалармен салыстырғанда өтеу коэффициенттерінің төмен көрсеткіштерін көрсетеді.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


АУЫЛ, ОРМАН ӨСІРУ ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Осы саладағы жеке қарыз алушылардың саны - 76, жалпы міндеттемелер сомасы 0,2 трлн теңгені құрайды.


Қайта жіктелген қарыз алушылардың EAD-сі 7 млрд теңге болды (2-сатыға қайта жіктеу – 1,5 млрд теңге, 3-сатыға қайта жіктеу – 5,5 млрд теңге). Осы саланың 1-сатыдағы қарыз алушылары бойынша орташа өлшемделген PD мәні 4,9%-ды, 2-сатыда – 54,7%-ды құрайды.

ҚҰНСЫЗДАНУ САТЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАША ӨЛШЕМДЕЛГЕН МӘНДЕРІ


Серпін көрсеткіштері




Өтімділік




Төлем қабілеттілігі




Өтеу коэффициенттері



Рентабельділік



Айналымдылық



Бұл сала EAD бойынша 10-орында (0,2 трлн теңге) және абсолюттік мәнде қайта жіктеу көлемі бойынша 11-орында (7 млрд теңге). Өз саласының EAD-дан қайта жіктеу көлемі бойынша пайыздық мәнде 6-шы орында (3,1%).

Бұл сала басқа салалармен салыстырғанда айналымның төмен көрсеткіштерін көрсетеді.







ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

БІЛІМ БЕРУ

Осы саланың жеке қарыз алушыларының саны - 51, міндеттемелердің жалпы сомасы 0,14 трлн теңгені құрайды. Қайта жіктелген қарыз алушылардың EAD-сі 24 млрд теңге (2-сатыға қайта жіктеу – 12 млрд теңге, 3-сатыға қайта жіктеу – 12 млрд теңге). Осы салада 1-сатыдағы қарыз алушылары бойынша орташа өлшемделген PD мәні 8,9%-ды, 2-сатыда – 49,1%-ды құрайды.

ҚҰНСЫЗДАНУ САТЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕРДІҢ ОРТАША ӨЛШЕМДЕЛГЕН МӘНІ



Осы сала EAD бойынша 11-орында (0,14 трлн теңге) және абсолюттік мәнде қайта жіктеу көлемі бойынша 6-орында (24 млрд теңге). Өз саласының EAD-дан қайта жіктеу көлемі бойынша пайыздық мәнде 1-ші орында (17,0%).

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

КЕПІЛГЕРЛЕР МЕН ҚОСА ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫ ТАЛДАУ


Жеке қарыз алушыларды бағалау шеңберінде олардың кепілгерлері мен қосалқы қарыз алушылардың қаржылық жағдайына талдау жасалды.

Талдау қарыз алушылардың құнсыздануының соңғы сатысын айқындау, сондай-ақ қарыз алушылардың міндеттемелерін өтеу үшін қолжетімді кепілгерлер мен қосалқы қарыз алушылардың операциялық ағындарын бағалау мақсатында жүргізілді.


Бірінші кезекте қарыз алушының төлем қабілетсіздігі туындаған жағдайда берешекті өтеу бойынша кепілгерлер мен қоса қарыз алушылардың шарттық міндеттемелерінің болуы тексерілді.

Екінші кезекте кепілгерлер мен қоса қарыз алушылардың қаржылық жағдайына талдау жүргізілді. Кепілгерлер мен қоса қарыз алушылардың қаржылық жағдайын талдау скорингтік модель және PD ARES моделі арқылы жүзеге асырылды. Талдау жасалған кепілгерлер мен қоса қарыз алушылардың жалпы саны 856 компанияны құрады. Кепілгерлер мен қосалқы қарыз алушылардың жалпы санының 84%-ы 1-ші сатыға, 7%-ы 2-ші сатыға, 9%-ы 3-ші сатыға жатқызылды. 2 және 3-ші сатыларға жатқызылған қоса қарыз алушылар мен кепілгерлер қарыз алушылардың сатыларын айқындау кезінде, сондай-ақ қарыз алушылардың міндеттемелерін өтеу үшін қолжетімді операциялық ағындарды бағалау кезінде есепке алынбады.

Кепілгерлер мен қоса қарыз алушылардың құнсыздану сатыларының үлесі (санына қарай)




Қарыз алушылармен салыстырғанда кепілгерлер мен қоса қарыз алушылардың үлесі



357 компания бір қарыз алушының кепілгерлері/қоса қарыз алушылары болып табылады, 166 компания екі қарыз алушылардың, 333 компания үш және одан да астам қарыз алушылардың кепілгері/қоса қарыз алушысы болып табылады.

Банктерде міндеттемелері бар кепілгерлер мен қоса қарыз алушылардың үлесі



Сондай-ақ, кепілгерлер мен қоса қарыз алушылардың жалпы санынан 312-сі АҚР аясында банктердің бірінде қарыз алушылар болған.


ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ


КЕПІЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ТАЛДАУ

39 532
кепіл29 370
бірегей кепілқұны
45,4
трлн теңге1 519
кепілдері бар
қарыз
алушылар28
млрд теңгеге
тыйым
салынған

Нарықтық құны бойынша тұрақты кепілдердің үлесі




Банктер қамтамасыз етудің тұрақты және тұрақсыз түрлері (тауар-материалдық құндылықтар, рейтингі жоқ заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың кепілдіктері және т.б.) бойынша деректер ұсынды. Тұрақты кепілдердің ішінде нарықтық құны бойынша ең үлкен үлесті жылжымайтын мүлік (49%), off-take келісімшарттары бойынша болашақта түсетін ақша (17%), жабдық (10%) және көлік құралдары (9%) құрайды.




Саны жағынан тұрақты кепілдердің ең көп бөлігін жылжымайтын мүлік (44%), көлік құралдары (41%) және жабдық (9%) құрайды.


Жылжымайтын мүліктің кіші түрлері бойынша бөлу



Көлік құралдарының кіші түрлері бойынша бөлу



Салалар бойынша off-take келісімшарттар түрінде кепілдері бар қарыз алушыларды бөлу



Нарықтық құны бойынша жылжымайтын мүлік объектілерінің арасында ең көп бөлікті коммерциялық жылжымайтын мүлік (74%), көлік құралдарының арасында көлік құралдарының басқа да түрлері (89%) алады. Off-take келісімшарттары түрінде кепілдері бар қарыз алушылар арасындағы басымдыққа ие сала «Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» (60%) болып табылады.

ЖЕКЕ БАҒАЛАУ

КЕПІЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ТАЛДАУ

Кепілмен қамтамасыз етуді талдау процесінде АОР-ға қатысатын барлық банк бойынша кемінде үш жылды құрайтын кезең үшін кепілдерді іске асыру статистикаларына бағалау жүргізілді. Жүзеге асырылған кепілдердің статистикасында мүліктің ең көп бөлігі жылжымайтын мүлікке (93%) тиесілі, оның ішінде 39% коммерциялық жылжымайтын мүлікке, 29%-ы жер учаскелеріне және 24%-ы тұрғын үй жылжымайтын мүлкіне тиесілі. Жүзеге асырылған кепілдер статистикасында тауар-материалдық құндылықтар, дайын өнім, бағалы қағаздар мен жарғылық капиталдағы үлес түріндегі кепілдер жоқ.

2023 жылғы АQR-дан бастап кепілдердің кейбір түрлері бойынша өткізуді талдау барынша жан-жақты жүргізілді және барынша нақты есептеу үшін кепілмен қамтамасыз етудің кіші түрлерін есепке алды. Сәйкесінше, 2024 жылғы АQR-да кепіл мүлкін жүзеге асырудың статистикалық деректері негізінде өтімділік коэффициенттері есептелді, олар екі құрамдас бөліктен тұрады: бағалау құнынан дисконт және кепілді жүзеге асыру мерзімі. Есептелген мәндер жеке қарыз алушылардың кепіл түрі мен кіші түріне сәйкес қолданыстағы кепілмен қамтамасыз етуге қатысты қолданылды. Банктің жеке статистикасы жеткіліксіз болған жағдайда, кепілге АQR-ға қатысушы банктердің жалпы статистикасы негізінде есептелген мәндер қолданылды. Статистикадан банктердің САБҰ-ға кепілдерді өткізу, аяқталмаған бөліп төлеудің ұзақ мерзімімен бөліп сату және т.б. жағдайлары алып тасталды.

Кепілдердің түрлері бойынша өткізілген кепілдердің үлесі



Бағалау құнынан дисконт – кепілді өткізуден алынған ақша қаражатының нақты сомасы мен нарықтық құнның соңғы бағасы арасындағы айырмашылықты анықтайтын коэффициент.


Кепілді өткізу мерзімі – қамтамасыз етудің қандай да бір түрін дефолт күнінен бастап өткізу жүзеге асырылатын кезеңді бейнелейтін көрсеткіш.

Өтімділіктің қорытынды коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{Өтімділік коэффициенті} = \frac{\text{Нарықтық құны} \cdot (1 - \text{Бағалау құнынан дисконт})}{(1 + \text{БТСМ})^{\text{Өткізу мерзімі (жылдармен)}}$$

Төменде орташа алынған өтімділік коэффициенттері берілген:

ӨТІМДІЛІК КОЭФФИЦИЕНТІ



ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ

БІРТЕКТІ ҚАРЫЗДАР: RETCON

9,0

трлн теңге
EAD

7,4%

1-сатыдағы орташа
өлшемделген PD

49,2%

1-сатыдағы орташа
өлшемделген LGD


18,8

млрд теңге
Δ провизиялар


8,6%

Провизиялармен өтеу
деңгейі


АҚР-ға дейінгі және кейінгі сатылар
бойынша RETCON портфелін EAD бойынша
бөлу



Құнсыздану сатылары бойынша RETCON біртекті
қарыздары бойынша PD және LGD тәуекел
метрикалары



Сатылар бойынша провизияларды бағалау
түзетулерін бөлу



Қарыздарды 3-сатыға қайта жіктеудің негізгі себебі барлық тәуекел метрикаларын есептеу кезінде дефолттың бірыңғай анықтамасын бірақ PD айқындау кезінде мерзімі өткен күндердің санын ғана пайдалану болды. Мысалы, жеке банктер LGD есептеу және қарыздардың құнсыздану сатыларын айқындау кезінде мәжбүрлі қайта құрылымдауды, сондай-ақ басқа банктердегі дефолттарды және т.б. қамтитын дефолттың кеңейтілген анықтамасын қолданады.

Банктердің деректері бойынша орташа алынған LGD-дың AQR деректері бойынша LGD-дан асып кетуі жеке банктердің LGD-ды 100% мөлшерінде айқындаудың консервативтік тәсілімен түсіндіріледі.

БІРТЕКТІ ҚАРЫЗДАР: RETCAR

2,6

трлн теңге
EAD

6,5%

1-сатыдағы орташа
өлшемделген PD

47,2%

1-сатыдағы орташа
өлшемделген LGD


59,7

млрд теңге
Δ провизиялар


7,0%

Провизиялармен өтеу
деңгейі


АҚР-ға дейінгі және кейінгі сатылар
бойынша RETCAR портфелін EAD бойынша
бөлу



Құнсыздану сатылары бойынша RETCAR біртекті
қарыздары бойынша PD және LGD тәуекел
метрикалары



Сатылар бойынша провизияларды бағалау
түзетулерін бөлу



Қарыздарды 3-сатыға қайта жіктеудің негізгі себебі барлық тәуекел метрикаларды есептеу кезінде дефолттың бірыңғай анықтамасын қолдану болды. AQR әдіснамасына сәйкес LGD ақшалай өтемдерді, оның ішінде басқа банктердегі қайта қаржыландыруларды, кепіл мүлкін сатудан түскен қайтаруларды және т.б. қамтитын нақты ақшалай қайтарулар негізінде есептеледі, ал банктер кепіл мүлкін сатудан түскен қайтарулардың орнына қолданыстағы кепіл мүлкінің дисконтталған құнын ескереді. LGD-дың нақты деңгейін төмендететін қолданыстағы кепіл базасын есепке алу салдарынан провизияларды бағалауда ерекшеліктер туындайды, олар көбіне 3-сатыға тән, ондағы PD = 100%.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024 ЕСЕБІ

БІРТЕКТІ ҚАРЫЗДАР: RETEST

2,0

трлн теңге
EAD

0,9%

1-сатыдағы орташа
өлшемделген PD

54,2%

1-сатыдағы орташа
өлшемделген LGD


31,3

млрд теңге
Δ провизиялар


3.3%

Провизиялармен өтеу
деңгейі


АҚР-ға дейінгі және одан кейінгі сатылар бойынша RETEST портфелін EAD бойынша бөлу



Құнсыздану сатылары бойынша RETEST біртекті қарыздары бойынша PD және LGD тәуекел метрикалары



Сатылар бойынша провизияларды бағалау түзетулерін бөлу



1-сатыдағы PD төмендеуі 2023 жылғы АҚР-ға қатысқан банктер үшін PD есептеудің бастапқы нүктесі ретінде АҚР сатыларын қолданылатынымен түсіндіріледі, яғни АҚР-дағы құнсыздану оқиғасын бекіту банк деректерінде көрсетілмей тұрып орын алған, осылайша банктер 2023 жылғы дефолт ретінде көрсеткен қарыздардың бір бөлігі 2024 жылғы АҚР есептеулерінде 3-сатыдан 3-сатыға миграция ретінде көрсетілген және PD-ға әсер етпеген. RETCAR портфелі сияқты LGD бағалауындағы айырмашылықтар банктердің қолданыстағы кепілдерді есепке алуынан туындайды, бұл нақты тарихи қайтаруларға сәйкес келмейді.

БІРТЕКТІ ҚАРЫЗДАР: RETSML

2,1

трлн теңге
EAD

4,9%

1-сатыдағы орташа
өлшемделген PD

48,8%

1-сатыдағы орташа
өлшемделген LGD


80,5

млрд теңге
Δ провизиялар


13,4%

Провизиялармен өтеу
деңгейі


АҚР-ға дейінгі және кейінгі сатылар бойынша RETSML портфелін EAD бойынша бөлу



Құнсыздану сатылары бойынша RETSML біртекті қарыздары бойынша PD және LGD тәуекел метрикалары



Сатылар бойынша провизияларды бағалау түзетулерін бөлу




Қарыздарды 3-сатыға қайта жіктеудің негізгі себебі барлық тәуекел метрикаларды есептеу кезінде дефолттың бірыңғай анықтамасын қолдану болды. RETCAR портфелі сияқты LGD бағалауындағы айырмашылықтар банктердің қолданыстағы кепілдерді есепке алуынан туындайды, бұл нақты тарихи қайтаруларға сәйкес келмейді.

ТҰРАҚТЫ АҚР 2024
ЕСЕБІ


БІРТЕКТІ ҚАРЫЗДАР: LGD

Біртекті қарыздар үшін LGD есептеу 01.01.2019ж. бастап 01.01.2024 ж. дейінгі кезеңде дефолт/есептен шығарылған/ өзгертілген қарыздар бойынша қайтару статистикасының негізінде жүргізілді. LGD статистикасын сегментациялау қолданыстағы қарыздар портфеліне қолданылатын сегментацияға ұқсас жүргізілді.

Статистика құрылымы
(қарыздардың саны бойынша)




Статистика құрылымы
(DEFAULT EAD бойынша)




LGD статистикасынан қарыздардың басым бөлігі RETCON портфеліне тиесілі (83%), алайда EAD сомасы бойынша дефолт кезінде (DEFAULT EAD) RETCON үлесіне 37% тиесілі болады, DEFAULT EAD қалған бөлігі былай бөлінген: RETSMML – 20%, CORINV – 14%, CORLAR – 11% және өзге де портфельдер – 18%.

Қарыздарды DEFAULT EAD сомасы және кәсіпкерлік санаты бойынша бөлу



Қарыздарды DEFAULT EAD және келісімшарт мерзімінің сомасы бойынша бөлу



Қарыздарды кредиттеу объектісі бойынша бөлу



DEFAULT EAD басым бөлігі айналымдағы қаражатты толтыруға берілген қарыздарға (14,2%) және тұтынушылық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге (20,6%) тиесілі. Бұл ретте қарыздардың саны бойынша 69,0%-ы тұтынушылық мақсаттарға тиесілі.


Кредиттеу объектісі бойынша DEFAULT EAD бөлу




Қарыздардың басым бөлігі толығымен өтелген (40,8%), ал статистикадағы қарыздардың 31,8%-ы дефолтта. Дефолттағы қарыздардың басым үлестері RETCON, RETCAR, RETSMML, CORLAR, CORINV портфельдері бойынша байқалады.

Өтелген қарыздардың басым үлесі CORMED және RETSMML портфельдерінде, ал қалпына келтірілген қарыздардың басым үлесі COREST және RETEST портфельдерінде байқалады.


Ағымдағы мәртебе бойынша қарыздарды бөлу



Портфельдер және ағымдағы мәртебе бойынша қарыздарды бөлу



ҚОРЫТЫНДЫ



2024 жылғы тұрақты AQR банк секторы активтерінің 85%-ын иеленетін 11 банкті қамтыды. Жиынтық EAD 27,4 трлн теңгені құрап, 2023 жылғы AQR-мен салыстырғанда 31,3%-ға ұлғайды.

Бағалау нәтижелері бойынша қатысушы банктердің капитал жеткіліктілігінің жалпы деңгейі реттеудің ең төменгі көрсеткішінен айтарлықтай асып түсетінін және 16,3%-ды құрайды. Бұл ретте 2023 жылғы бағалаумен салыстырғанда 3-саты үлесінің 3,7 пайыздық тармаққа төмендегені байқалады. Талап етілетін провизиялар мөлшерінің банктік бағалаулары мен AQR бағалауы арасындағы айырмашылықтардың ұлғаюына қарамастан, 2024 жылғы AQR бағалауы бойынша провизиялармен өтеу деңгейі 2023 жылғы бағалаумен салыстырғанда төмендеді.

3-сатыдағы ең үлкен үлес жылжымайтын мүлік сатып алу және құрылысқа, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген қарыз портфельдері бойынша бекітілген.

Бұл ретте 2023 жылғы AQR-мен салыстырғанда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ ірі кәсіпорындарға берілген қарыз портфельдері бойынша 3-саты үлесінің айтарлықтай төмендеуі байқалды.

2024 жылы жеке бағалау шеңберінде 1 583 қарыз алушы қамтылды. 3-ші саты бойынша қайта жіктеудің ең үлкен көлемі «Кен өндіру өнеркәсібі» және «Өңдеу өнеркәсібі» салаларында байқалады. 3-ші сатыдағы жеке қарыз алушылардың ең үлкен EAD көлемі «Құрылыс» және «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» салаларында байқалады.

2023 жылдағыдай, біртекті кепілді қарыздар бойынша банктер мен AQR арасындағы провизияларды бағалаудағы айырмашылықтар көбінесе банктердің LGD есебіне кепілмен қамтамасыз етудің келтірілген құнын ескеріп есептейді, ал AQR есебі дефолт/ есептен шығарылған қарыздар бойынша расталған қайтару статистикасына негізделген.

Қатысушы банктерге жүктемені азайту үшін Агенттік маңызды шаралар қабылдап жатқанына қарамастан, ұсынылатын деректер сапасы AQR-ды сәтті өткізудің негізгі элементі болып табылады. Кейбір банктер деректер сапасын жақсартуда елеулі жетістіктерге жетсе, ал басқалары әлі де деректерді жинау және ұсыну процестерін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жүргізуі қажет.

2024 жылғы AQR-дың шеңберінде Агенттік, 2023 жылғы AQR-дағы сияқты қатысушы банктерге жиі кездесетін қателер тізімі мен оларды жою бойынша ұсыныстары бар хаттарды жібереді. Бұдан басқа, Агенттік тұрақты AQR шеңберінде деректер үлгілерін толтыру бойынша банктер үшін оқыту сессияларын өткізу тәжірибесін жалғастырады, сондай-ақ тұрақты AQR және ҚСТ тақырыптары бойынша конференциялар өткізуді жалғастырады.

2024 жылғы тұрақты AQR кеңейтілген банктер тізімі бойынша қашықтан жүргізілген үшінші және 2021 жылғы пилоттық AQR-ды ескере отырып төртінші бағалау болды. Бұл тәжірибе Агенттікке банктердің активтер сапасы мен капитал жеткіліктілігі жөнінде нақтыланған деректер алуға мүмкіндік беріп, қолданылатын модельдер мен құралдарды оңтайландыруға көмектесті.

2024 жылғы AQR қорытындысы бойынша капиталға қадағалау үстемесі енгізіледі, бұл банктерді олардың қызметінде анықталған кемшіліктер мен тәуекелдерді жедел түрде жоюға ынталандырады.

2024 жылғы желтоқсан айында халықаралық рейтингтік агенттік S&P Global Ratings Қазақстан Республикасының BICRA (Банк секторының салалық және елдік тәуекелдерін бағалау) рейтингіндегі позициясын «8» тобына қарағанда «7» тобына жақсартқанын жариялады. Рейтингті қайта қараудың маңызды факторларының бірі – Агенттіктің қадағалау қызметінің күшейтілуі болды. Негізгі жетістіктердің бірі ретінде тұрақты активтер сапасын бағалау (AQR) аталды. Тұрақты AQR нәтижелері Қазақстанның қаржы секторының тұрақтылығын халықаралық сарапшылардың бағалауы кезінде ескеріледі.

Қаржы нарығының ашықтығын арттыру және нарық қатысушыларының банк секторына деген сенімін арттыру мақсатын басшылыққа ала отырып, Агенттік оқырмандардың кең ауқымы үшін тұрақты AQR нәтижелерін жыл сайын жария етуді жалғастыратын болады.

ҚЫСҚАРТУЛАР

Агенттік	ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
АҚ	акционерлік қоғам
ЕДБ	екінші деңгейдегі банк
СЖЖРА ҰСБ	ҚР Стратегиялық жоспарлар және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бросы
ДБ	Дүниежүзілік Банк
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ЖТСМ	жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі
ЖК	жеке кәсіпкер
ІБ	ірі бизнес
ШБ	шағын бизнес
ХВҚ	Халықаралық Валюта Қоры
ШОБ	шағын және орта бизнес
ХҚЕС	халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚСТ	Қадағалап стресс-тестілеу
КСТ	Кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі
АҚҚЕ	ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп
ЭҚЖЖ	экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші
ПЗЕ	пайда және зиян туралы есеп
САБҰ	стрестік активтерді басқару ұйымдары
ҚРҰБ Б № 269 Қ	«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 269 қаулысы
ҚРҰБ Б № 170 Қ	«Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысы
ИҚКҚ (POCI)	иемденген немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері (Purchased or Originated Credit Impaired Financial Assets)
БТСМ	бастапты тиімді сыйақы мөлшерлемесі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ОБ	орта бизнес
МК	меншікті капитал
ҚТК	ҚР Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесі
ЖТ	жеке тұлға / жеке тұлғалар
ЗТ	заңды тұлға / заңды тұлғалар
АQR	банктер активтерінің сапасын бағалау (Asset Quality Review)
ARES	Agency's Rating Estimation System PD Model
CCF	кредиттік конверсия коэффициенті (credit conversion factor)
EAD	дефолт жағдайындағы талаптар (exposure at default)
EBA	European Banking Authority
EBIT	кредиттер бойынша пайыздар және пайда салығы есептелгенге дейінгі пайда (earnings before interest, taxes)
EBITDA	кредиттер бойынша пайыздар және пайда салығы, тозу мен амортициялық аударымдар есептелгенге дейінгі пайда (earnings before interest, taxes, depreciation and amortization)
FSAP	Қаржы секторын бағалау бағдарламасы (Financial Sector Assessment Program)
LGD	дефолт жағдайындағы шығын деңгейі (loss given default)
NPL 90+	негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (non-performing loan)
PD	дефолт ықтималдығы (probability of default)
ROA	активтердің рентабельдірі (return on assets)
ROE	меншікті капиталдың рентабельділігі (return on equity)
RWA	тауекел дәрежесі бойынша алынған активтер (risk weighted assets)
SDN OFAC	ерекше белгіленген және бұғатталған тұлғалардың тізімі (specially designated nationals / Office of Foreign Assets Control)
TONIA	TONIA индикаторы (Tenge OverNight Index Average)
п.т.	пайыздық тармақ
млн	миллион
млрд	миллиард
трлн	триллион

Байланыс ақпараты:



- Алматы қ., Көктем-3 шағын ауданы, 21
Тел: +7 (727) 237 10 00
Кеңсе факсы: +7 (727) 244 02 82
E-mail: info@finreg.kz
<https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm?lang=kk>



AQR есебінің кейінгі жарияланымдары үшін есептің мазмұны бойынша түсініктемелер мен ұсыныстарды мына мекенжайға жіберуді сұраймыз:

Ayan.Abdykalikov@finreg.kz



Агенттік қызметінің мәселелері бойынша:

- **Сыртқы коммуникациялар басқармасы**
Тел: +7 (727) 237 10 89
E-mail: press@finreg.kz